

ОТБАСЫНЫҢ БІРЛІГІ – ОТАННЫҢ БІРЛІГІ

Кеше Астанада биыл елімізде алғаш рет өткізіліп отырған «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауы мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды. Жеңімпаз отбасыны Мемлекет басшысы құттықтап, арнайы диплом және қазақстандық өндірісте құрастырылған шағын автобус кілтін табыс етті.

– ХХІ ғасырдың ортасында отбасыларының басым көпшілігі тыныштық пен молшылықта өмір сүретін ел ғана ең дамыған мемлекет қатарында болады. Балаларды тәрбиелеп, оларға сапалы білім береді, аға буынға қамқорлық көрсетеді, саламатты өмір салтымен жүреді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы осынау маңызды жұмыстың басты орталығы Президент жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия болуы тиістігіне тоқтала отырып, оның құрамын күшейту және жұмысына азаматтық қоғамның беделді өкілдерін тарту қажеттігін айтты.

Қазақстан Президенті бірінші рет өткізіліп отырған, 15 этностың отбасылары мен 34 аралас отбасы қатысқан «Мерейлі отбасы» байқауының маңыздылығын атап өтті.

– Әрбір отбасының тарихы, бұл –

Қазақстан тұрмысының үлкен энциклопедиясы. Ең лайықты және құрметті отбасылар өңірлік байқаулардың жеңімпазы болды. Осы отбасылардың әрқайсысы туралы роман, повесть жазып, фильм түсіруге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Марапаттау рәсімінде Елбасы Бимаханбетовтер отбасына диплом және отандық өндірістен шыққан әмбебап шағын автобустың кілтін тапсырды және қалған 15 отбасы да автокөліктерге ие болатынын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев жеңімпаздарды құттықтады және Қазақстанның барлық отбасыларына денсаулық, бақ-береке тіледі.

Байқауға Қазақстанның барлық өңірлерінен жалпы саны 1298 отбасы қатысты. Ал актық мәреге смс және интернет-дауыс беру арқылы өңірлік турлар қорытындысы бойынша 16 үміткер-отбасы шықты.



Жыл сайынғы «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауы адамгершілік құндылықтарды және неке мен отбасының жағымды обра-

зын қалыптастыру, отбасы мәртебесін көтеру мақсатында Мемлекет басшысының Өкімімен бекітілген.

Астана қаласында өтетін Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімін ұлықтауға арналған шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ		
25 қыркүйек		
15.00-16.30	-	“АЛЖИР” мемориалы мұражай кешенінде Т.Жүргеновке гүл шоқтарын қою рәсімі (Ақмол с.)
26 қыркүйек		
09.00-09.30	-	Халықаралық конференцияға қатысушыларды тіркеу (Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)
09.30-10.00	-	Мұрағат деректері мен тақырыптық кітап көрмесімен танысу (Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)
10.00-13.00	-	“Орта Азия мен Қазақстанның білім мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі және рухани мұрасы” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы (Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)
14.00-16.30	-	Конференцияның секциялары бойынша жұмыс (208, 302, 303 дәрісханалар)
16.30-18.00	-	Қорытынды пленарлық мәжіліс (Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 303-дәрісхана)

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесіне орай Қызылорда облысының тілдерді дамыту басқармасы «Тіл – татулық тірегі» атты облыстық фестиваль өткізді. Шараға облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты.

Фестивальдің негізгі мақсаты – облыста мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, Қазақстан халқының рухани бірлігін нығайту, отансүйгіштік сезімді арттыру болып табылады.

Мерекелік шара театр әртістерінің Алаш зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Б.Момышұлы, М.Әуезовтердің бейнесін сомдап, көрініс көрсетуімен ашылды. Бұдан соң облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова құттықтау сөз сөйледі.

– Биыл «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 25 жыл толып отыр. Бұл мереке республикамызда салтанатты түрде аталып, елімізде тұрақты татулық пен берекелі бірлікті дәріптейтін, түрлі этнос өкілдерінің шынайы достық қарым-қатынастарын, туған Отанға деген сүйіспеншіліктері мен патриоттық сезімдерін білдіретін айтулы мерекеге айналды. Этносаралық ынтымақтың арқасында еліміз киындықтарды еңсеріп, экономиканы қарқынды дамытуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік алды. Еліміз дамыған 30 елдің қатарына ену үшін біз ұрпағымызды білімді, үш тілді еркін меңгерген азамат етіп тәрбиелеуіміз керек, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы.

Бұдан кейін этномәдени орталықтар өкілдері мен аймағымызда тіл саясатын жүзеге асыруға елеулі үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар облыстың Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Алғыс хатымен марапатталды.



Фестиваль барысында республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт жастары өнер көрсетті. Сонымен бірге, жиналған қауымға өнерпаздар концерт қойып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Дәурен ОМАРОВ.

ЖАТАҚХАНАҢ – ЖЫЛЫ ҰЯҢ



Кеше қала орталығында соңғы үлгіде салынған 200 орындық Студенттер үйі пайдалануға берілді. Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің шалғай ауылдардан келген тәлімгерлерге арналған жатақханасы әлеуметтік жоспар аясында салынып отыр. Жаңа нысанның іргетасы былтыр маусым айында қаланған. Төрт қабатты зәулім ғимараттың құрылыс-монтаж жұмысын “ГрандТехноСтрой” мердігер мекемесі жүргізді. Жалпы аумағы 2800 шаршы метрді құрайтын құрылысқа колледж құрылтайшылары 135 млн. теңге жұмсапты.

Кең сарайдай Студенттер үйінде білім қуған жас талапқа барлық жағдай жасалған. Онда кітапхана, акт залы, студенттер асханасы, компьютер бөлмесі оқушылардың сабақ оқуы мен демалуына толық мүмкіндік береді.

3-бет

ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Бекмырза Қайыпұлы ЕЛАМАНОВ



Еламанов Бекмырза Қайыпұлы 1950 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысының Қармақшы ауданында «Қорқыт» теміржол бекетінде дүниеге келген. Алматы зоо-техникалық-малдәрігерлік институтын 1974 жылы «ғалым-зоотехник», Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетін «экономист» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1966 жылы Жосалы кенті, №149 кәсіптік-техникалық училищеде жөндеуші болып бастаған. 1974-1983 жылдары Қармақшы ауданының шаруашылықтарында мамандығы бойынша түрлі қызметтер атқарған. 1983-1987 жылдары Қармақшы аудандық партия комитетінің

нұсқаушысы, «ІІІ Интернационал» ұжымшары парткомының хатшысы, 1987-1990 жылдары осы ауданда «Қуаңдария» кеңшарының директоры, 1990-1993 жылдары Қармақшы аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары, төрағасы болды.

1994-1995 жылдары «ІІІ Интернационал» ұжымшары басқармасының төрағасы, 1995-2001 жылдары Қармақшы ауданының әкімі, 2001-2004 жылдары Сырдария ауданы, «Шапағат лимитед» ЖШС директоры;

2004-2008 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 2008 жылғы қыркүйек-қараша айларында облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 2008-2011 жылдары Жанақорған ауданының әкімі қызметтерін атқарды.

2012 жылғы 5 қаңтарда №8 «Төретам» сайлау округінен V сайланған облыстық мәслихаттың депутаты болып, 2012 жылғы 20 қаңтарда облыстық мәслихаттың хатшысы болып сайланды.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Отбасылы, 3 баласы және бірнеше немерелері бар.

2008 жылдан бастап «Нұр Отан» партиясының мүшесі, 2012-2013 жылдары «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты ретінде еліміздің дамуы жолында аянбай қызмет атқарып, елеулі еңбек сіңірген азаматтардың жауапты да абыройлы жолын саналы түрде таңдай отырып, олардың нәтижелі істерін лайықты жалғастыру үшін өзім туып-өскен, азамат ретінде бүкіл еңбек жолымда дем берген әрі қызмет баспалдақтарынан сатылап көтерілуге тәрбиелеген Сыр бойы өңірі атынан Парламент Сенатының депутаттығына кандидатурамды ұсынуды жөн санадым.

Парламентте әрбір заң жобасы түрлі аймақтар мен салалардың мүдделері ескеріліп талқыланатындықтан, Сенат депутаты болып сайлансам, бар күш-жігерімді, білімім мен біліктілігімді облыс халқының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының дәйекті жүргізілуіне арнаймын.

Әлемдік нарықтық экономикаға кіріккен біздің елімізде де шағын және орта бизнесті дамыту басты назарда болып, ол үшін қажетті заңдар уақытылы қабылдануы тиіс. Ұсынылған заң жобаларында әр аймақтың табиғи-климаттық, ресурстық және үрдістік ерекшеліктері ескерілгенде ғана қабылданған заңның өміршең болатыны белгілі. Өміршең заңдар қабылдануы үшін Парламент депутаттары өздері сайланған аймақпен етене байланыста болуы шарт. Облыстық мәслихат депутаты ретінде өз сайлаушыларым алдында және облыстық мәслихат хатшысы ретінде мәслихаттың халық алдындағы жыл сайынғы есептерін беріп келген маған қазіргі қызметімнің жалғасы сипатында түрлі сала өкілдерімен, жалпы облыс халқымен тығыз байланыста болуға еш кедергі болмақ емес.

Сыр бойы жағдайында ауыл шаруашылығы бизнесі егін және мал шаруашылығымен, олардың өнімдерін өңдеумен байланысты. Шығарылатын өнімге деген сұраныс тауар сапасының халықаралық талап деңгейінде болуына тікелей байланысты болғандықтан, біз де сол межеден көрінуге тиістіміз.

Қазакстан Еуроазиялық Экономикалық Одаққа мүше болғандықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығы өсіп, тауар өткізу тәртібі әжептәуір жеңілдейді, соған қоса бәсекелестік деңгейі де еселеп артады. Қысқа айтқанда, ауылда егін шаруашылығына немесе мал шаруашылығына байланысты шағын және орта бизнесті дамыту шараларында әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, әбден талқыланып сараланған ғылыми жобаларды ғана қарастыру маңызды.

Қызылорда облысының аумағы Арал теңізінің тартылуы салдарынан экологиялық апат аймағы саналып, тұрғындарды әлеуметтік қорғау жөнінде заң қабылданды. Осыған қоса, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан үздіксіз ұшырылып жатқан зымырандардың айлak маңы табиғатына елеулі залал келтіретіні ғылыми дәлелденуде. Сонымен қатар, Шиелі, Жанақорған өңірлеріндегі уран шикізаты өндірісі, күкірт қышқылы зауыты мен шикізаттарды сақтау және тасымалдау технологиясы қауіпсіздігінің әлі де толық жетілдірілмеуінің салдарынан табиғатқа залалы жоктығына ешкім кепіл бола

Облыстық сайлау комиссиясы «ҚР сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес облыстық, Қызылорда қалалық және барлық аудандық мәслихаттары депутаттарының (таңдаушылардың) тізімін жариялайды.

1. Облыстық мәслихаттың депутаттары:

Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлы
Арысбаев Аманкелді Қонысбайұлы
Жұқашев Талғат Алданиязұлы
Имандосов Самұрат Жұманұлы
Тілеп Ібайдулла Тілепұлы
Ысқақ Құлпыбай Ысқақұлы
Әбішев Қылышбек
Еламанов Бекмырза Қайыпұлы
Ирюков Кенжебек Сисенұлы
Жүсіпов Өмірбек Жүнісұлы
Тайманов Абзал
Ергешбаев Әбдіқадыр Нәлхожаұлы
Ералиев Абзал Жұмашұлы
Сейтханов Сабыр Тауекелұлы
Дабысов Қуаныш Жұмабекұлы
Сыздықов Жайсаң Нұрділдаұлы
Алшынбаев Сейтқали Бегманұлы
Байназарова Райкүл Мансұрқызы
Балатаев Үйсінхан Амангелдіұлы
Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы
Кәрім Медет Сәпиұлы
Ерманов Нұрмұрат
Тоғызбаев Асылбек Тоқмұрзаұлы
Шәутай Тілеуберген Құдайбергенұлы
Әлімқұлов Темірхан Мәлікұлы
Бәйділда Оразәлі Әбдіманапұлы
Әжібеков Қалқазбек
Қарақожаев Оразбек Файзуллаұлы
Шоманов Алтынбек Дәуменұлы

2. Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттары:

Әбдрахманов Шәріп Әкбарұлы
Әбдреев Алтынбек Сембіұлы
Бәкеев Мақсұт Әбдуалиұлы
Ережеева Айсұлу Бимұрзақызы

Ерназаров Қайрат Шаршыбекұлы
Есжанов Мейрамбек Кеңесұлы
Жақсылықов Ғалымбек Жақсылықұлы
Жұматов Талғат Тасболатұлы
Жұмашева Гульнара Хамзақызы
Ибраев Ғалым Әшімұлы
Қалжанова Рәзия
Кәрімбаев Мухиджан Исмайлұлы
Қожаниязова Ләйлі Ақбергенқызы
Құттықожаев Ібайдулла Дүйсенбайұлы
Мастеков Бауыржан Қайырбекұлы
Медетбаев Әділбай Қаниұлы
Мусабаев Ыбрайхан Мусабайұлы
Нурымбетов Жорабек Ибрагимұлы
Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы

3. Арал аудандық мәслихатының депутаттары:

Данабай Көлбай Соңғыбайұлы
Жүсіп Нұрбай Олжайұлы
Медетов Шарапат Алпысбайұлы
Жолмырзаев Райымбай Жолдасұлы
Маханов Кешубай
Ниязов Сағыныш Сақтапбергенұлы
Тұрахметов Базарбай Шөменұлы
Бедер Кәдірберген Бедерұлы
Жолдасбаев Марат Әліұлы
Асанбаев Арғынбай Балпапұлы
Жанназарова Санира Нұрқожақызы
Бөлекбаев Амангелді Мұхияшұлы
Садуақасова Ақыл
Жоланов Алдаберген
Жалғасбеков Жангелді Бозжігітұлы

4. Қазалы аудандық мәслихатының депутаттары:

Наурызбай Нұрлан Орысбайұлы
Әліпбаев Талғат Әзімжанұлы
Дәулетияров Бейбіт
Өксікбаев Шамшадин Намазұлы
Ахметов Болатбек Әбиұлы
Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлы
Алмағамбетов Нұрлан Жұбатқанұлы
Түктібай Өмірзақ Алтынбайұлы
Бижанов Көпжан
Өтегенов Сәбит Рахметұлы

Өтеев Мнажадин
Әлімбай Қасқырбай Әлімбайұлы
Бөріқұлақов Талайлы Өмитжанұлы
Ерқосаев Байназар

5. Қармақшы аудандық мәслихатының депутаттары:

Пірмантаев Нұржан Айдарбекұлы
Үсенов Алтай Үсенұлы
Қалмаханов Ертай Махмұдұлы
Бодыбаев Оналбай Абытұлы
Рзалиев Еркін Оразалыұлы
Нысанбаев Бақытжан Сағилатұлы
Наятұлы Марат
Жаппасбаев Жомарт Қайырбекұлы
Бекбаев Мырзаш Қуандықұлы
Есчанов Мырзадаулет Алдамбергенұлы
Дауленбаев Ануар
Жолымбетов Серік Есентайұлы
Кұрманбаева Қарлыға

6. Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттары:

Төремуратов Жайшылық
Әлиева Рауаш
Еспанов Мейрамбек Ұзақұлы
Баймаханов Данабек Жұмағалиұлы
Бекжанов Бауыржан Сұлтанұлы
Құлболдиев Мұхтар Тоқтарұлы
Бекжанов Алтынбек Шәмбілұлы
Сүлейменов Кенжеғара
Бекжанов Әліби Бақытбекұлы
Қыпшақбаев Ақділда Рахметұлы
Оспанова Сәлима Мырзабекқызы
Төлегенов Төрбек
Сыздықов Бұғыбай Қаниұлы

7. Сырдария аудандық мәслихатының депутаттары:

Сейтмұратов Оразбек Ешмағанбетұлы
Қаюпов Сламбек Шахапұлы
Ерімбетов Шәріпжан Сұлтанұлы
Зетов Шынтас
Есенов Расул Әбутәліпұлы
Пржанова Бисенкүл Смағұлқызы
Маншарипов Батырбек

алмайды. Осыларды ескере келе, мемлекеттің басты құндылығы саналатын адамның, аймақ халқының денсаулығына, қоршаған ортаға әсерін зерттеп, бақылауда ұстайтын ғылыми-зерттеу орталығын ашу мәселесін шешуді және жыл өткен сайын кезек күттірмейтін мәселеге айналған аймақ халқының денсаулық жағдайы жөнінде ғылыми концепция жасауды жеделдетуге ықпал етемін.

Мемлекет мүддесі мен ел игілігіне қызмет ету әрбір азамат үшін қашан да абыройлы міндет болған. Саналы ғұмырым Қазақстанның, оның ішінде Сыр елінің тағдырымен, тіршілігімен тығыз байланысты болғандықтан, облыста атқарылған бірқатар игілікті шараларда менің де үлесім бар екендігіне қуанамын. Облыста қызмет атқарған азаматтармен қатарласа, иықтаса жүріп жұмыс істеп, елге игілікті міндеттерді атқарғаныма ризамын. Егер сіздердің, сіздер арқылы облыстағы бүкіл сайлаушылардың білдірген сенімдері арқасында Сенат депутаты болып жатсам, аймақта атқарылатын шаруаларға мемлекеттік дәрежеде қолдаушы болатыныма, облыс мүддесі үшін бар күш-жігерімді жұмсайтыныма сенім білдіре аламын.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы мен «Мәңгілік ел» идеясының, халыққа жыл сайынғы Жолдауларының жүзеге асуына үлес қоса отырып:

1. Қазақстанның әлемдегі экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы ең озық деген 30 елдің қатарына қосылу жобасының жүзеге асырылуына;

2. Қолданыстағы заңдардың орындалуын қадағалау мен жанадан қабылданғандарының белсенділігін арттыруға, әрекеті әлсірегендеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге атсалысамын.

3. Мемлекет пен жеке сектор арасындағы әріптестіктің одан әрі нығаюына;

4. Облыста, әсіресе ауылдық елді мекендерде шағын және орта бизнесті дамыту мәселелеріне байланысты өміршең заңдардың қабылдануына;

5. Ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген қаржыларға өндірушілердің қолжетімділігін жеңілдетуге және олардың көлемін арттыруға;

6. Сыр өңірі елді мекендерін толық газдандыру мәселесінің шешілуіне;

7. Облыстың, әсіресе шалғай елді мекендер халқының таза ауыз сумен және аяқсумен қамтамасыз етілуіне;

8. Парламент пен жергілікті мәслихаттардың іскерлік байланысын нығайтуға;

9. Облыс халқының денсаулығын ұдайы бақылап отыратын облыстық мониторинг орталығын құру және аймақ халқының денсаулық жағдайы жөнінде ғылыми концепция жасалуына;

10. Облыста өндіріс саласын (шыны зауыты, металлургиялық кластер, феррокорытпа зауыты, т.б.) дамытуға байланысты жұмыстардың оңтайлы жүргізілуіне;

11. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС-2) жобасының екінші кезеңінің жүзеге асырылуын жеделдетуге ықпал етемін.

ТАҢДАУШЫЛАР ТІЗІМІ

Камалатдин Аббас Камалатдинұлы
Ералиев Дархан Жұмашұлы
Қадыров Бердібек
Бисенов Марат Алдабергенұлы
Абдықалықов Иса Жақыпұлы
Көзейбаев Сапар Әлиасқарұлы

8. Шиелі аудандық мәслихатының депутаттары:

Әбдіқадырова Айткүл Әлиқызы
Оразбекұлы Әшім
Әлтай Халықбек Сейтханұлы
Тұрсынбаев Еркін Аманбайұлы
Архабаев Пердәлі Сейдахметұлы
Маханбет Патима Шаймерденқызы
Биімбетов Хамит Мұханбетжанұлы
Шәукебаев Қазбек Алтынбекұлы
Ақбергенов Ахтай Бахтайұлы
Сүлейменов Болат Мулланазарұлы
Абдуллаев Әбіләкім Мырзахметұлы
Қасымов Қалмырза Айдарұлы
Әшірбеков Бағлан Әміреұлы
Мақұлбеков Әбділда Кемелбекұлы
Палымбет Найла Әбілқасымқызы

9. Жанақорған аудандық мәслихаты-ның депутаттары:

Нәлібаев Алмасбек
Исаханов Құлмағанбет Оразқұлұлы
Қалдыбаев Тұрдалы
Жәнібеков Ақылбек
Құтыбаев Рахым Байбосынұлы
Ысқаков Сәулебек Есхожаұлы
Жайсаңбаев Махсұт Тәжібайұлы
Абдуллаев Бахытжан Аманкелдіұлы
Шайыхов Асылхан
Абдуллаев Серік Орынбасарұлы
Көлжанов Нарымбет Сәрсенбайұлы
Ибрагимов Серік Ауханұлы
Мамуов Талғат Хұланбайұлы
Қалжанов Нұрлыбай
Нәлібаев Әлібек Машбекұлы

Облыстық сайлау комиссиясы. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.Қайроллаұлы.

ҚАБЫЛДАУ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР, ӨНЕГЕЛІ ҚЫЗМЕТ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық Азаматтық Альянсы қауымдастығы төрайымы қызметін атқарған Дариха Ақмағанбетованы қабылдады. Аймақ басшысы ұзақ жылдар бойы аймақта үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жандандырып, азаматтық қоғам институтын қалыптастырудағы сіңірген еңбегіне алғысын білдірді және облыстың “Құрмет грамотасымен” марапаттады.

Д.Ақмағанбетқызы алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастап, одан кейінгі жылдары комсомол, партия

және әкімшілік қызметтерінде болды. “Қызылорда қаласының құрметті азаматы” атанды. Соңғы сегіз жылдан бері облыстық Азаматтық Альянсы қауымдастығы төрайымы қызметін абыроймен атқарды. Ғибратты ғұмыр, өнегелі қызмет жолы көпке үлгі.

Д.Ақмағанбетованың отбасылық жағдаймен Астанаға қоныс аударуына байланысты облыстық Азаматтық Альянсы қауымдастығының төрайымы қызметін енді Әлима Әбдіхалықова атқарады.

Өділжан ҮМБЕТ.

ОРАЛМАНДАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Сәрсенбі күні Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годунованың төрағалығымен облыс әкімдігінің жанындағы оралмандар мәселелері бойынша комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Онда жергілікті атқарушы орган басшыларының алдыңғы отырыстағы хаттамалық тапсырмалардың орындалуы, оралмандар мәселелері бойынша атқарылған жұмыстар, азаматтықты қабылдау, есепке алу, тіркеу шаралары, қамтамасыздандыру және құжаттандыру туралы есептері тыңдалды.

Соңғы 3 жылда облысқа құрамында 505 адамы бар 219 оралман отбасы қоныс аударды. Олардың басым көпшілігі Өзбекстан Республикасынан келгендер.

Облысымызға келген оралмандардың 61 пайызы еңбекке жарамды жастағылар, 26,3 пайызының жоғары және орта арнаулы білімі бар.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес оларға әр түрлі әлеуметтік төлемдер түріндегі көмектер (18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы, тұрғын үй көмегі, атаулы әлеуметтік көмек және т.б) көрсетілуде. «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде жұмысқа тұруға және оқуға қолдау жасалып жатыр. Басым бағыт өз ісін ашуға жеңілдетілген несие беру болып табылады.

Комиссия отырысының қорытындысында қоныстанушы оралмандарға құқықтық көмек көрсету жұмыстарын жүргізу, «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасына қатысуға тарту, сонымен қатар оралмандардың балаларын мектепке және мектепке дейінгі оқу мекемелеріне орналастыру жөнінде тапсырмалар берілді.

ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАНДАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жуырда Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годунованың төрағалығымен қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі облыс әкімдігі жанындағы консультациялық-кеңесші органның кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде алдыңғы хаттамалық тапсырмаларды жүзеге асыру, бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққандарды жұмыспен қамту мәселесі талқыланды.

Жыл басынан жұмыспен қамту органдарына 106 адам хабарласып, квота бойынша 25 адам тұрақты жұмысқа орналасты, 30-ы ақылы қоғамдық жұмысқа жолданса, төртеуі әлеуметтік жұмыспен қамтылды, кәсіптік оқу және қайта даярлау курстарынан 11 адам өтіп, олардың 7-і жұмысқа орналасты.

Әлеуметтік төлемдер бойынша 5 адам атаулы әлеуметтік көмек, 13 адам 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын және 5 адам тұрғын үй көмегін алуда, ал медициналық-әлеуметтік көмекпен қамтылғаны – 37 адам.

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында 2 адам өз кәсібін ашу үшін шағын несие алды.

Жеке кәсіпкерлердің және облыс мекемелері басшыларының қолдауымен сотталғандар үшін жұмыс орындарын ашып, жұмыспен қамту мақсатында «Еңбек» РМК «Еңбек-Қызылорда» филиалының басшылығымен жұмыс цехтары ашылып, онда 87 азамат жұмыспен қамтылды.

Атап айтқанда, ЗК-169/5 мекемесінің өндіріс аймағында орналасқан ғимараттардың бірінде «НұрМад» ЖК қолөнер бұйымдарын дайындау цехын ашты. Бүгінгі күні онда 12 сотталған жұмысқа орналасты, сонымен қатар, тағы 3 адам «Сымбат-7» серіктестігі ашқан дәнекерлеу цехына жұмысқа орналасты.

Шиелі ауданындағы Тартоғай қоныстандыру колониясында қосымша жұмыспен қамту мақсатында жылына 5 млн. дана кірпіш шығаратын кірпіш зауытын ашу пысықталуда. Аталған өндіріс орнында 75 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр. Зауыт келер жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі.

Отырыста жазасын өтеушілерді кәсіби дайындықтан өткізу де қаралды. Қылмыстық-атқару мекемелеріне еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар тізімі ұсынылды.

Осы жылы облыста алғаш рет мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдық бірлестігі арқылы жазасын өтеп шыққандарға құқықтық және басқа да қызмет түрлерін алуға мүмкіндік беретін «Бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққандарды қайта әлеуметтендіру» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба шеңберінде мамандар жазасын өтеушілерге құқықтық және өзге де қызмет түрлерін көрсетеді. Мысалы, мұнда әлеуметтік және психологиялық көмек, білім, тұрмыс және жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қорғау, құжаттарды жоғалтқан жағдайда оларды рәсімдеу бағытындағы мәселелер бойынша кеңестер алуға болады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында түзеу мекемелері жүйесінде халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қолдау шаралары туралы, «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру туралы кітапшалар әзірленді.

Отырыста қылмыстық жазасын өтеу орындарынан босап келгендерді жұмыспен қамтуға ықпал жасау және өзге де әлеуметтік көмектер көрсету бойынша Қызылорда қаласы, Жалағаш және Сырдария аудандарының консультациялық-кеңесші органдарының атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалып, барлық мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

НАРЫҚ

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменов аймақтағы жанар-жағармай бағасына қатысты брифинг өткізді. Оның айтуынша, басқарма тарапынан бағаның шекті мөлшерден асып кетпеуі қатаң қадағалануда және жағдайды толық бақылауға алу үшін жанар-жағармай саудасына қатысты мониторинг күнделікті жүргізіліп келеді.

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ҚОРЫ ҚАМДАЛЫП ЖАТЫР

– 18-қыркүйектегі жүргізілген мониторинг мәліметтеріне сәйкес, облыста АИ-92 маркалы бензин – 128 теңге, АИ-80 – 89 теңге, дизель отыны – 115 теңгені құрап отыр. Облыста мұнай өнімдерін бөлшек саудада сататын жалпы 121 жанар-жағармай күйо бекеті бар. Оның ішінде Қызылорда қаласында орналасқан

41 бекет тұрақты жұмыс істеп тұр. Жалпы, облыстағы барлық жанар-жағармай бекеттері бағаны шекті мөлшерден асырып жатқан жоқ, – дейді Тельман Сүлейменов.

Биылғы жылға ҚР Энергетика министрлігінен ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және жанар-жағармай бағаларын

тұрақтандыру бойынша бөлінген мұнай өнімдерін облыста тарататын 15 оператор белгіленген. Қазіргі таңда облыста министрліктен бөлінген мұнай өнімдерін жеткізуші 3 қор ұстаушы компания және белгіленген 15 оператор арқылы тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Тельман Сүлейменов сұхбат барысында жанармайдан тапшылық болмайтынын жеткізді.

Дәурен ОМАРОВ.

МАҢЫЗДЫ НЫСАН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС

Тереңөзек кентінің тұсынан салынған көпірдің пайдалануға берілуі сол елде туып-өскен мені үлкен қуанышқа бөлеп отыр. Әрі облыс халқы ұзақ күткен нысан-ды салуға үлес қосқан азамат жайлы айта кетуді жөн көріп отырмын. Бұл ойға басылымдардың бірінен құрылысқа бөлінген қаржыға қатысты сенімнен гөрі күдігі басымдау материалды оқыған соң бекідім.

Барлық мән-жайға қанық болғандықтан және көпір құрылысын қаржыландыру мәселесін шешуге тікелей атсалысқан адам ретінде кейбір түсініктеме беруді жөн көрдім.

Стратегиялық маңызы бар көпір шын мәнінде елдің көптен бергі арманына айналған еді. Сондықтан да Тереңөзектегі Ардагерлер кеңесінің мүшелері, ауылдың құрметті ақсақалдары осы жерде жастық шағын өткізген сол тұстағы Мәжіліс депутаты Ж.Асановқа осы көпірді аманаттаған еді. Ең алдымен құрылысқа республикалық бюджеттен қаржы бөлу міндеті тұрды.

Парламент қабырғасында депутат Асанов Қызылорда өңірінен шыққан депутаттар С.Әйімбетов, Қ.Бисенов, М.Өбенов және Қ.Ыдырысовпен бірге Премьер-Министрдің атына үш депутаттық сауал жариялады.

Біраз жүріп, көптеген түзетулерден кейін аталған құжаттар республикалық бюджет жобасын жасап жатқан Қаржы министрлігіне 2011 жылдың тамызы айында өткізілді.

Бірақ осыдан кейін де 2012-2014 жылдарға арналған бюджеттің жобасына көпір құрылысын қаржыландыру ен-

бей қалды.

Ең соңғы амал – Премьер-Министрдің алдына барып, көмек сұрау. Үкімет басшысының қабылдауында депутат Асанов өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін көпірдің қажеттілігі жайлы көз жеткізерлік деректер келтірді.

Осыдан кейін қажетті қаржы бөлініп, ол республикалық бюджет туралы заңда көрініс тапты.

Көпір құрылысына арналған қаржы да үш жылдық мерзімге қаралды, яғни 2012-2014 жылдарға. Таратып айтар болсақ:

2012 жылға – 500 млн. теңге;
2013 жылға – 1 млрд. теңге;
2014 жылға – 761 млн. теңге бөлінді.

Бюджеттік кодекске сәйкес мұндай жобаларға қаржының 90 пайызы республикалық бюджеттен, ал қалған 10 пайызы жергілікті бюджеттен бөлінуі тиіс. Яғни, орталықтан бөлінгені – 2 млрд. 261 млн. теңге, облыстық бюджеттен – 255 млн. теңге. Бұл қаржылар республикалық бюджет туралы Заңды іске асыру туралы Үкіметтің қаулысымен жыл сайын жоспарлы түрде облыс әкімдігіне бөлініп келді.

Енді сол нысан салтанатты түрде ашылып, халық игілігіне пайдалануға беріліп отыр.

Біз осы күнді асыға күттік.

Қанат ТӨРЕҚОЖА.
Астана қаласы.

АРДАГЕР ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Сыр бойындағы журналистика-ның қалыптасу мен даму кезендерін зерделеген адам екі тілде шығатын облыстық газеттерге соқпай өтпейді. Аймақ басылымдарының атасы саналатын 85 жылдық тарихы бар «Сыр бойының» ізін ала «Қызылординские вести» газеті де осы белесті бағындырады. Басылымда әр жылдары еңбек еткен қаламгерлер бүгінгі буынға ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес.

Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйінде ардагер журналист Валентина Баранованың 80 жылдығына арналған кездесу аға ұрпаққа құрмет көрсету сипатында өтті. Алдымен «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Тимур Қасымов мерейтой иесін құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Журналистер Игорь Титенок, Мира Жакибаева, Жолдасбек Ақсақалов, “Қоғамдық келісім орталығының” бөлім басшысы Асылбек Жұмабаев, «Сыр медиа»

ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы Әскербек Рахымбекұлы қалам қарымымен танылған мерейгерге ізгі тілектерін жеткізді.

Валентина Баранова билік пен бұқара арасына алтын көпір салған қаламгер. Оның қаламынан туған сын материалдар мен очерктер елеусіз қалмайтын. Сондықтан болар, оны оқырмандары бүгінге дейін таниды, біледі. Жағдайын, мұқтаждығын айтып келетіндер әлі күнге дейін оның есігін қағады.

В.Баранованың балалық шағы соғыс жылдарына тұспа-тұс келді. Әкесі соғыста мерт болды. Анасы екеуіне оккупацияланған аймақтан бас сауғалауға тура келді. Кейін Қазақстандағы тың игеруге жолдама алды. Алпысыншы жылдардың соында тағдыр оны Сыр бойына әкелді.

– Мен үшін журналистика мамандық емес, жан қалауы. «Путь Ленинад» алдымен корректор,



кейін тілші болып жұмыс істеуім тағдырымның сыйы деп білемін, – деді ардагер журналист кездесуде.

Кездесу соңында мерейтой иесі әріптестеріне алғысын айтып, бүгінгі ақпараттық дәуірдегі журналистиканың бағытына қатысты ойларын ортаға салды.

М.МЕРЕЙ.

ЖАТАҚХАНАҒ – ЖЫЛЫ ҰЯҒ

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары А.Әлназарова, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Қ.Баймаханов, М.Бактиярұлы, “Қазақстан теміржолы” ҰК АҚ президентінің кеңесшісі Б.Досманбетов, “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ө.Болатбеков және тәлімгерлер мен олардың ата-аналары қатысты.

Елбасы Н.Назарбаев «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын. Мемлекет басшысының осы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында елімізде «Студенттік баспана» бағдарламасы жасалды.

– Студенттерге арналған заманауи

жатақхана Елбасы тапсырмасын өңірімізде жүзеге асырудың жарқын көрінісі болды, – деді облыс әкімінің орынбасары А.Әлназарова. – Бұл алда білім сапасының жақсаруына да өз әсерін тигізеді.

Ақмарал Шәріпбайқызы “Мәңгілік ел жастары – индустрияға”, “Серпін–2050” мемлекеттікбағдарламалары аясында министрлік тарапынан техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына бөлінген 1000 мемлекеттік гранттын 470-ін, жоғары оқу орындарына бөлінген 1050 орынның 320-сын Сыр жастары иеленгенін де атап өтті.

Жатақхананың ашылу салтанатында ата-аналар сөз алып, студенттерге жасалып жатқан қамқорлыққа алғыстарын жеткізді.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

ЕГІН ОРАҒЫ – 2014

ҚАЗАЛЫДАҒЫ ҚАУЫРТ ҚИМЫЛ

«Еңбектің – наны тәтті». Бұл күндері Қазалыда еңбек дүбірі қыза түсті. Егіс танаптарынан естілген мотор үні бір сәтке де толастар емес. Ауа райының қолайлы кезеңін ұтырлы пайдаланған дикан қауымы ырзық-несібесін ысырап-сыз жинап алуға тырысып бағуда. Аудан әкімі Бақыт Жахановтан бастап ат арқасындағы азаматтарды да алқап басынан жиі жолықтырасыз. Бұл түсінікті де. Төртеу түгел болса төбедегі келеді.

Ағымдағы жылы Қазалыда күріш дақылы 7435 гектар жерге егілді. Бүгінгі таңда 5150 га егістіктің суы тартылып болды. Яғни, орақ салуға дайын. Қалған бөліктегі суды қашыртқылау жуырда толық аяқталады. Бірақ, аудан көлемінде күріш орағына байланысты жұмыстар жоспарланған кестеден ауытқып жатқандай. Оның астарын күн қабағынан

іздеген жөн. Дақыл кештеу пісіп-жетілді. Десе де, шаруашылықтар науқанға жаппай кірісіп кетті. Ору мен бастыру шаралары үйлестірілуде.

Диканшылар мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың игілігін татуда. Ел бюджетінен тыңайтқышқа, гербицидке, суармалы су құнын субсидиялауға қомақты қаржы бөлінді. Сонымен қатар, басты дақылдарға облыс әкімінің қаулысымен жаңадан белгіленген нормативпен қосымша ақша төленеді деп отыр. Егін жинауға қолда бар техника жұмылдырылды. Комбайн, жатка, трактор, жүк көліктері жөндеуден өтіп, міндеттерін атқаруда. Оған қоса тапсырыспен «Қазагро қаржы» АҚ-дан сатып алынған ауыл шаруашылығы техникалары толымды тірлік тындырып жатыр.



Мемлекет тарапынан дала жұмыстарына босатылған арзандатылған дизель отынын шаруашылықтарға жеткізіп беруге операторлар бекітілген-ді. Бұл тұрғыда да кідіріс жоқ.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ИННОВАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өткен жылы елімізде «Қазақстанның өңірлік дамуы» жобасы бастау алған болатын. Бұл ҚР Үкіметінің өңірлік даму саласындағы саясатын жүзеге асыруда консультативтік, заңнамалық, стратегиялық және институционалдық технологиялармен қолдау көрсететін Еуропалық Одақтың техникалық көмек жобасы болып табылады. Аталмыш жоба «Қазақстан Республикасының жергілікті дамуының саясатына қолдау көрсету» деп аталған ынтымақтастық бағдарламасының бір бөлігі саналады және 2011 жылы маусым айында Еуропалық Одақ пен Қазақстан Үкіметінің арасындағы қол қойылған қаржылық келісімге негізделген. Ұлттық және өңірлік деңгейде жүзеге асырылатын жобаның мақсаты облыстық әкімдіктердің мүмкіндіктері мен жауапкершілік аясын нығайту және жергілікті экономиканы дамыту арқылы өңірлердің дамуына үлес қосу болып табылады.

Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы «Қазақстанның өңірлік дамуы» Еуропалық Одағы жобасымен бірлескен семинар-тренингтер өткізді. Тренингтерді ЕО жобасының өңірлік дамуына инновация-

ларды енгізу жөніндегі сарапшысы Фиоренцо Сперотто мырза (Италия) жүргізді. Алғашқы өткен тренингте Ф.Сперотто «Аймақтық деңгейде инновацияларды дамыту және ынталандыру» тақырыбында аймақтарда инновацияны дамытуға қолдау түрлері, мүмкіндіктері, басымдықтары жөнінде талқылаулар жасады. Сондай-ақ «Эмилия-Романия (Италия) облысында инновацияларға және технологиялық трансферттерге арналған «АСТЕР» -Консорциумы» тақырыбында тұсаукесерін өткізді. Ал келесі семинар-тренингте «Инновациялық дамудың түрлі механизмдері. Инновациялық қорлар» тақырыбы қозғалды. Онда Инновацияны дамыту, Қызылорда қаласында технопаркті құру шарттары жөнінде мәселелер қамтылды. Семинарға қатысушылар сарапшыға сауалдар қойып, қажетті мағлұматтарын алып отырды. Фиоренцо Сперотто мырза Қазақстан мемлекетінің, оның ішінде Қызылорда облысының да экономиканы дамытуға ресурстары мен қуаты жеткілікті екенін атап өтті және жергілікті жерде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы №213-V Заңы қабылданды.

Заң жобасы жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін декларациялауға көшуге байланысты, оларды табыс ретінде танымай және мүлкін жария еткен ҚР азаматтарын, оралмандарды және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғаларды жекелеген қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтармен тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республика заңдарында көзделген жауаптылықтан босатпай, мемлекеттің бұрын экономикалық айналымын шығарылған мүлкті, оның ішінде ақшаны жария ету жөніндегі біржолғы акция өткізу саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған.

Жария ету объектілеріне мынадай мүлік жатады.

Біріншіден, ақша, бағалы қағаздар және заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі.

Екіншіден, құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес келетін құрылыстар, ғимараттар. Бұл ретте олар орналасқан жер учаскелері жария ету субъектілерінің меншігінде болуы қажет.

Үшіншіден, тиесілі емес тұлғаға ресімделген құрылыстар, ғимараттар.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктер.

Жария етуге жекелеген қылмыс жасау

арқылы табылған мүлік жатқызылмайды. Мысалы, жеке адамға қарсы, адамның және азаматтың конституциялық және өзге құқықтары мен бостандықтарына, конституциялық құрылыс негіздері мен мемлекет қауіпсіздігіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды, мемлекет қызмет мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарды жасау нәтижесінде алған мүлік.

Мүлкті жария етудің негізгі қағидалары:

Біріншіден, жария ету елдің экономикасы айналымына қосымша қаржы қаражаты мен мүлкті тарту мақсатында жүргізілмек.

Екіншіден, жария етілген ақша мен мүлік салық салу мақсатында табыс ретінде танылмайды және олардан жеке табыс салығы салынбайды. Бұл мақсатта ілеспе заң жобасымен Қазақстан Республикасының Салық кодексіне тиісті толықтырулар енгізіледі.

Үшіншіден, жария етуге жария ету басталғанға дейін алған мүлік жатады.

Төртіншіден, жария ету субъектілері бірқатар баптар бойынша қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлердегі мүлкті жария ету үшін 10% мөлшерінде алым төленуі қажет. Мүлкті жария ету мерзімі – 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

Мүлкті жария ету әкімдіктерінің жанындағы комиссияларға жария ету субъектілері өтініштер мен тиісті құжаттарды табыс ету жолымен жүргізіледі. Өтінішті комиссия, салық органы өтініш берілген күннен бастап

күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Мүлкті жария етуді өткізуді ұйымдастыру қағидаларын, жария етілген мүлктің тізілімін жүргізу тәртібі мен нысанын, комиссия туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлкті жария ететін жария ету субъектілері Мемлекеттік кіріс Комитетіне (бұрынғы Қызылорда қаласы және облыстың барлық аудандары бойынша салық органдары) мүлкті жария етуді өткізуге арналған өтінішті, өтінішті берген кезде түпнұсқасын көрсету арқылы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік және шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғалардағы қатысу үлесі бойынша мүлікке құқық белгілейтін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін, эмитенттері шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алудың тиісті жүйесіндегі жеке шоттан үзінді көшірмені не резиденті бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекеттік заңнамасында белгіленген бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын құжатты, мүлктің сатып алу құнын немесе бағалау құнын растайтын құжатты ұсынады.

Ақшаны жария ету Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы арқылы жүзеге асырылады.

Айгүл МАУБАЕВА,
салық заңнамасын түсіндіру
басқармасының бас маманы.

22 ҚЫРКҮЙЕК – ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының үшінші жексенбісі Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесіне орай аймағымызда түрлі іс-шаралар жоспары жасалып, онкүндік жарияланған болатын.

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК ТІЛ

Осы негізде облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының мұрындық болуымен Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да “Мәңгілік ел – мәңгілік тіл” тақырыбында флэш-моб болып өтті. Оған “Нұр Отан” партиясы қалалық филиалының өкілдері, “Жас Отан” жастар қанатының жанынан құрылған “Таза тіл” жастар тобы мүшелері және белсенді жастар ұйымының жетекшілері, аталған мекеме қызметкерлері қатысты.

Шараны облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ә.Жарылқағанов ашып, қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ, аталмыш мерекеге орай облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы бірлесе отырып, балабақшаларда, орта және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту, отандастарымыздың ана тілін жоғары бағалап және отанға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

Жиын барысында жастар тіл жайында арнаулар оқып, сахналық көріністер көрсетіп және патриоттық әндер шырқады.

Шара соңында ұйымдастырушылар жастарды ана тілін құрметтеуге, тіл саясатын жүйелі арттыруға өзіндік үлес қосуға және тіл тазалығын берік ұстануға шақырды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БІРЛІК ТІЛІ»

Тіл қоғаммен бірге өсіп-өнеді,

қалыптасып, дамиды. Тіл мәселесін

шешуде қоғамдық ұйымдардың маңызы

зор болмақ.

Барлық ұжымдарда бастауыш ұйымдар жұмыс істеуде. Жарнапұлдардан құралған қаржыға әртүрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бастауыш ұйымдар өз жоспарлары бойынша жұмыс жасайды. Сонымен қатар қоғам аудандағы мектептер және балабақшалармен бірігіп, түрлі шаралар өткізуде. Мәселен, осы жылдың ақпан айында Қазалы көліктік-техникалық колледж ұжымымен бірігіп, Мұқағали Макатаевтың шығармашылығына арналған «Поэзия Хан тәңірі – Мұқағали» атты сазды кеш өткізілді. Сол айдың соңында ақын Мұхтар Шаханов шығармашылығына арналған байқау ұйымдастырылды. Мемлекеттік тілдің жанашыры болған ақынның ән-жырлар байқауына алпысқа жуық талапкер қатысты. Олар ақынның жырларын мәнерлеп оқып, оның сөзіне жазылған әндерді шырқады. Байқауда жеңіп шыққан жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Қазіргі таңда барлық мектеп, балабақша ұжымдарында тілдер мерекесіне арналған таңертеңгіліктер, онкүндіктер, сайыстар мен кештер өтіп жатыр.

Ұлттар арасындағы достық пен сыйластық берік орнаған. Ауданда қазақ, орыс, корей, татар, өзбек, шешен, украин, әзірбайжан, башқұрт, неміс, молдован, грек, қырғыз, ұйғыр ұлтының өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Сондай-ақ, аудан халқының жекелеген этностары қатарында 20 басқа ұлт өкілі бар. Міне, осындай ынтымақтастықты, бірлікті, сыйластықты, татулықты, кеңпейілдікті және қонақжайылықты ту еткен көпшілік арасында №16 орта мектеп ұжымымен «Ынтымағы жарасқан, туған елім Қазақстан!» атты үлкен мерекелік іс-шара өтті. Алдағы уақытта да аудандық қоғам мүшелері Елбасы алға қойған міндеттерді пәрменді түрде іске асыра отырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейте беретін болады.

А.ТАМАШЕВ,

Қазалы аудандық

«Қазақ тілі» қоғамының

төрағасы.



Келер көктемде Кеңес әскерлерінің қанқұйлы неміс фашистерін тас-талқан етіп жеңгендеріне жетпіс жыл толады. Алпыстан астам мемлекет қатысып, елу миллион адамның өмірін жалмаған сол сұрапыл соғыстан елге аман-есен оралғандардың қатары да күн санап азайып барады. Тарих жылнамасына тайға таңба басқандай қара әріптермен жазылған 1418 күн мен түнді бүгінде көзі тірі қарт майдангерлер күрсіне еске алады. Жастық шақтары от-жалынға оранған ол күндерге лағнет айтады. Он сегіз жасында осынау қасіретті қырғынға қатысып, қарша бораған оқ пен оттың ортасынан аман оралғандардың бірі – Панабекұлы Зікірия қария.

Қызылорда қаласының Жаппасбай батыр көшесіндегі 43-ші үйде тұратын Зікірия ақсақалды жуырда арнайы іздеп барған едім. Үйдің маңдайшасына “Бұл үйде Ұлы Отан соғысының ардагері Зікірия Панабеков тұрады” деп жазылған тактайша қағылып қойыпты. Мені сырттан майдангердің Нұрлан есімді ұлы қарсы алды. Жеңіс жауынгерінің түс әлетінде көз шырымын алған сәтіне тура барғандықтан сәл күтуім керек болды. Аздаған уақыттан соң шаңырақтың кенжесі Ерлан ақсақалдың бөлмесіне бастап барды.

Әбден сырқат мендеген қарияны шаршатып алмауға тырыстық. Оның әлжуаз дауыспен үзіп-үзіп айтқан әңгімесін қойын дәптерге түртіп алдық. Ақсақалдың құлағы да ауыр есітеді екен. Тығырықтан шығуға кенже баланың көп көмегі тиді. Үш жылдан бері жұмысты қойған Ерлан біржолата әкесінің күтімімен отырған көрінеді.

Зікірия әке 1926 жылы 23 мамырда Сырдария ауданының Ақарық ауылында колхозшылар отбасында өмірге келіпті. Әкесі

Панабек те, анасы Қалует те диқаншылықты кәсіп еткен жандар екен. Қаршадайынан ата-анасының қолғанаты болған ол қарындасы Мәзияның да тәрбиесін бір сәт естен шығармай, бар ауыртпалықты көтере білген. Балдәурен балалық шағы ашаршылық жылдарына тура келген бозбала жетінші класты бітірер-бітірместен колхоз жұмысына жегіледі. “Таңның атысы, күннің батысы” үлкендерден бір елі қалыспай тер төгеді. Оның үстіне соғыс жүріп жатқан кез. Тәртіп қатты, талап күшті. Бүкіл республика халқы сияқты облыс еңбекшілері де Қызыл Армияға кө-

Он сегізге енді толған мен үшін қару кезеніп, бітіспес жаумен бетпепет келу оңай болмады. Өйткені, өшпенділік оты кеуденде қанша жерден маздап жанса да ол да адам баласы емес пе? Айысың. Бірақ жеңу керек. Бірнеше немісті нысанаға алып, көзін жойдым.

Бұдан кейінгі жорық жолы Белоруссияда жаңадан жасақталған №125 дивизия құрамында Одер өзенінен өту операциясына жалғасты. Қарсы беттен оқ қарша борап тұрды. Қанша қатарластарым қыршынынан қиылды. Оған қарайтын шама қайда. Қайткенде де жағалауға жетіп, жаудың үнін өшіруге тиіспіз.

мен жұп құрады. Үй шаруасын дөңгелетіп ала жөнелген алтын құрсақты анамыз өмірге он үш ұл-қыз әкелсе, бүгінде көзі тірі бес ұл мен бес қыздан Зікірия әкеміз бен Орынқұл анамыз отыз немере, жиырма төрт шөбере сүйіп отырған жайы бар.

Шаруашылықтың таңалакеуімен қас қарайғанға дейін таусылмайтын митың тірлігінен шаршаған Зікірия ағаға бір күні әкесі Панабек ой салады. Қарағым, колхоздың тірлігі осылай таусылмайды. Мұнда жүре берсең жауыр аттай көнбіс тартып қала бересің. Одан ертерек қалаға қоныс аударғаның жөн



ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

мек қолын созып жатты. “Артық астықты мемлекетке сату – әрбір колхозшының патриоттық борышы” ұраны да сол жылдары өмірге келді.

– Мен әскерге 1944 жылдың қараша айында шақырылдым, – деді сыбырлай сөйлеген қарт солдат. – Шақыру пунктінің маңайы таңсаріден жұртшылыққа лық толған. Өрімдей өрендерін ажал аузына аттандырып жатқандар қайғыдан қан жұтуда. Десек те, Отан қорғау үшін бара жатқанымыз көңілімізді жұбатады. Өңкей түбіт мұртты бозбалаларды тиеген қызыл эшелон Қызылорда қаласынан шығысқа қарай бағыт алып, жолға шықты.

Вагон іші тым-тырыс. Қазіргі жүк пойыздарына тіркеліп жүрген қарапайым вагондар. Онда отыратын да, жататын да орын жоқ. Кәдімгі ағаштан соғылған ат қора сияқты.

Туған топырақтан алыстаған сайын қиял жетегіне беріліп, соғысқа бара жатқаныма сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Жанымда өзім секілді өңкей өндірі жас. Әдепкіде бір-бірімізден жөн сұрасқан едік, енді әрқайсысы өзімен-өзі қалың ойға берілген. Жанарларында туған жерге жолымыз қайта түсе ме, түспей ме деген қи-мастық сезім ұшқындайды. Жас та болса соғыстың не екенін жақсы біледі. Өйткені, оның тақсыретін тартпаған шаңырақ қай ауылда да бар. Бірінің әкесі, бірінің бауыры, енді бірінің нағашы-жиендері дегендей, сұрапыл соғыс жалмап жатыр. Сондықтан солардың ізімен майданға аттанып бара жатқан бұл бозөкпелерде қайбір көңіл-күй болатын еді.

Бірнеше тәулік жол жүріп Семей қаласына жеткен біздер үш ай дайындықтан өтіп, осы жерде соғыс өнеріне машықтандық. Сонымен Жеңіс жылының ақпан айында көптеген Ортаазиялық жауынгерлермен бірге Польша шекарасында алғашқы шайқасқа араластық. Қиян-кескі ұрыстар жүргізілді. Маңызды көпір үшін жан алып, жан берістік. Шығын да жетерлік. Танысқанымызға ұш-ақ ай болған талай қаруластар окқа ұшып, небір боздақтар жат жердің топырағын жастанды. Оларды асығыс-үсігіс шұңқырға жерлеген боламыз.



Жорық жолында талай қаныпезерлік пен қатыгездіктің куәсі болды. Адам құқы тапталғанын көзбен көрдік. Сондай сұрқия әрекеттерге қарсы қолдан келген бар күшімізді салдық, жауды тәубесіне түсірдік. Әсіресе, Виттенбург қаласы үшін болған көше соғысы есіме түссе, әлі күнге дейін денем түршігеді. Осы шайқаста көрсеткен ерлігім үшін ұсынылған “Ерлігі үшін” медаль мені жарты ғасырдан соң тапты ғой.

Соғысты Берлинде аяқтадым. “Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” деген рас екен. Жауды өз ордасында жеңгеннен кейін бізді сонда қалдырды. Германияның қираған шаруашылығын қалпына келтіруге атсалыстық. Елге кеудеме бірінші және екінші дәрежелі “Отан соғысы” ордендерін тағып оралдым.

Жеңіс сағаты соғып, елге бес жыл жеті ай дегенде аман-есен оралған Зікірия аға бұрынғыдай колхоз тірлігіне араласады. Шаруашылық күріш, бидаймен қоса көкөніс-бақша дақылдарын егетін. Ол кездерде техника жоқ, бар жұмыс қолмен атқарылатын. Оларға күніне 25-30 сотық бидай ору міндеттелген болатын.

“Бас екеу болмай, мал екеу болмайды” дегендей, енді оны отау құрып, ата-анасын қуанышқа бөлесем деген ой мазалай бастайды. Сонымен тамылжыған тамыздың соңғы күнінде он жетідегі бойжеткен Жарылқасынова Орынқұл апа-

Ертеңгі күні балаларын да ержетеді дегендей.

Содан араға екі жыл салып, ата-анасының рұқсатымен Қызылорда қаласына қоныс аударыпты. Мұнда нан болат жолдың бойынан бұйырды. Ташкент теміржолына қарасты Қызылорда теміржол бөлімшесіне бас кондуктор болып орналасқан. Кондуктордың міндеті – вагондар мен жүктердің аمانдығына жауап беру. Қазіргі жағдаймен айтар болсақ, күзет бөлімінің қызметіне келеді. Яғни, пойыздарды белгіленген бекетке алып барып, алып қайтады. Теміржолда да темірдей тәртіп. Егер жұмысқа кешіккендей болсаң, бірден шығарып жіберуден тайынбайды. Бірақ, оқ пен оттың ортасынан оралған жауынгерлер жауапкершілікті қатты сезінетін. Ол кездегі жүк пойыздары тіпті жүріп болмайды-ау... Мына тұрған Жосалыға бір тәулікте әрең жететін кездерді әлі ұмыта қоймайды. Әсіресе, қыс мезгілінде қатты қиын. Үскірік аяздарда ашық вагонда барар жеріне жеткенше жаның көзіне көрінеді. Бірақ, жұмыс талабы бәріне көнуге мәжбүрлейтін. Кейінірек жолаушылар пойызына ауысыпты.

Жұмыс барлық уақытта да ауыр әрі жауапты болды. Онысына қайлы болмасақ шара жоқ. Өйткені, тері сорғалаған еңбектері әділ бағаланатын. Содан бір күні

составитель боп шыға келді. Ондағы қызметі вагондарды бір-біріне жалғап, құраушы екен. Мұнда да абыройсыз болған жоқ. Ұжымдастары қадір тұтып, әркез құрмет көрсете білді. Сонымен 1981 жылдың жазында отыз жыл тер төгіп, еңбек демалысына шыққан Зікірия аға үйде қарап отыра алмай облыс орталығындағы мамандандырылған күзет бөліміне қарауыл болып орналасыпты. Осында он бір жылдай жұмыс істеген майдангер одан әрі отбасынан ұзап шықпай, бірыңғай ұрпақ тәрбиесіне ден қойды. Құдай қосқан қосағы Орынқұл екеуі бауырларынан өрген немерелер мен шөберелер шуағына бөленген бақытты ата мен әже атана білді. Бірақ, соңғы жылдары соғыс ардагерін айықпас сырқат айналдыра бастапты. Қазіргі күні өздігінен қозғала алмайтын оны әңгімеміздің басында айтқанымыздай кенже бала бағып-күтуде.

Зікірия әке өте қарапайым өмір сүрді. Әділетсіздік пен өктемдікке жаны қас, мақтаншақтық пен байлыққа ұмтылуға әрекет жасап көрмеген жан дүниесі таза да адал адам болды.

Орден-медальдің үлкен-кішісі жоқ десек те, он сегізінде от кешкен сарбаздың кеудесінде бірінші және екінші дәрежелі “Отан соғысы” ордендері мен “Ерлігі үшін”, “Георгий Жуков”, бейбіт өмірде алған басқа да медальдар жарқырайды. “Мен үшін ең басты награда – құдайдың берген ұл-қыздары мен олардан өрген немере-шөберелерім”, – дейді қарт майдангер.

Әрине, уақыттың тоздырмай-тыны жоқ. Алайда, тарихи мәні зор Жеңіс мерекесі ұмытылмақ емес. Олай болса, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні, сол сұрапылда ерлік көрсеткен ерлер есімі мәңгілік аталып өтілуі, жылма-жыл естеліктермен жаңартылып отырылуы кейінгі ұрпаққа парыз.

Мақалаға нүкте қоя отырып, соғыс және еңбек ардагері Зікірия әке мен Батыр ана Орынқұл апаға “шөпшектің қолынан су ішіңіздер” деген тілек қосқанды жөн көрдім.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ШЕКАРАШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

Тасбөгет кенті С.Майқанова атындағы Мәдениет үйінде ел шекарасын күзетіп тұрған 2019 әскери бөлімнің құрылғанына 15 жыл толуына орай салтанатты мәжіліс болып өтті. Оған шекара қызметкерлері мен бөлім жауынгерлері, сала ардагерлері, альтернативалық мектеп оқушылары мен бірқатар шекара қызметкерлерінің отбасы қатысты.

Сыр бойы халқының тыныштығы мен мемлекеттік шекара күзетінің мызғымас беріктігін қамтамасыз ететін, шекарашылар мерекесі сахнаға әскери бөлімнің туы әкелініп, оған қатысушылардың әнұранды шырқауымен басталды. Салтанатты шараны

2019 әскери бөлімнің командирі, полковник Владимир Колпаков ашып, кезеңдегі атқарылған жұмыстар мен бөлімнің қол жеткізген табыстарына тоқталды.

– Бөлім Тәуелсіз еліміздің көршілес Өзбекстанмен 750 шақырымға созылған шекарасын күзетеді. Олардың қызмет атқарар аймағы толықтай құммен көмкерілген. Солай болса да, ел күзетіндегі сақшылар қызметін абыроймен атқаруда, – деді командир өз сөзінде. – Өңір тарихында ерекше қырымен айышқалған осынау он бес жыл көлемінде олар шекара бұзушылардың сан түрлі әрекеттеріне кезікті. Шекараны бұзушыларды тап бастырмай контрабандалық тауарларды ел қазынасына қайтарды. Мәселен, осы кезеңде сырбойылық сақшылар жүзге тарта контрабандалық оқиғалармен жүздесті, 46 млн. теңгенің спиртің тәркілеп, бірнеше наркологиялық шөп өсірілген аймақтарды

айғақтады. Шекарашылардың қырағылығы нәтижесінде мемлекеттік шекараны бұзушылардың әрекеттеріне тосқауыл қойылды.

Бөлім басшысы әскери бөлімнің қазіргі тыныс-тіршілігіне жан-жақты тоқтала келіп, жас шекарашыларды тәрбиелеу, оларды ұлтжандылық пен отансүйгіштікке баулу барысына шолу жасады. Сонымен қатар, саладағы өзінің тындырымды ісімен, қырағылығымен көзге түсіп жүрген озаттар легін, спорттық сайыстарда жүлдегер танылған сарбаздарды атап өтті. Алдағы уақытта да ел күзетіндегі шекарашылар өздерінің қиын да жауапты міндеттерін абыройлы атқармақ.

Салтанатта Тасбөгет кенті әкімінің орынбасары Ерлан Бейсенбаев мерейтой иелерін құттықтап, бірқатар шекарашыларға кент әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Сондай-ақ 2019 әскери бөлімнің басшысы үздік

қызметімен көзге түскен озаттарды, туған күн иелерін, мерекеге орай өз араларында кіші футболдан өткізілген сайыста жүлдегер танылғандарды, сала ардагерлерін бағалы сыйлықтармен, Құрмет грамоталармен марапаттады.

Шара барысында сөз алған сала ардагерлері мен қонақтар бейбіт еліміздің шекарасын көздің қарашығындай қорғап жүрген сақшылардың жақсы істерін атап өтіп, олардың алдағы тынымсыз еңбегіне сәттілік тіледі. Көрермен көңілінен шыққан салтанатты шара бөлім өнерпаздары К.Құламқадіров, Қ.Нұрышев, Т.Садуақасов, Б.Тақаев, “Сыр сұңқары” триосы шырқаған патриоттық әндер мен “Сыр сұлуы” би тобы, кент мектебі оқушыларының өнерімен өрнектелді.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.
Тасбөгет кенті.

● СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

Елімізде қаражат жинақтаудың жаңа жүйесі – білім беру жинақтау салымдарының енгізілгеніне бір жылдан астам уақыт өтті. Бұл жүйенің тиімділігі қандай? Ол несімен ерекшеленеді? Біз орайы келген сәтті пайдаланып, ҚР “Қаржы орталығы” АҚ вице-президенті Шариман Риад Сәлімұлына осы сауалдарды қойған едік.

БІЛІМ БЕРУ ЖИНАҚТАУ САЛЫМДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?



– «Даналық – қарттарда, талап – жастарда» демекші, осы даналық – өмірлік тәжірибе адам баласын келешекке белгілі бір дайындықпен, көрегендікпен қарауға үйретеді, – деді бізбен әңгімесінде Риад Сәлімұлы. – Міне, сондықтан болар, көптеген ата-әжелеріміз өмірлерінің жалғасы болып табылатын немерелерінің жарқын болашағына қазірден-ақ үлесін қосуға мүмкіндік беретін қаражат жинақтаудың жаңа жүйесі – білім беру жинақтау салымдарын қуана қарсы алды.

Елімізде Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі іске қосылып, халыққа қызмет етіп жүргелі бір жылдан асты. Бүгінгі таңда 8 мыңнан астам отандасмыз осы жүйеге өз сенімдерін білдіріп, балаларының болашақта білім алулары үшін қаражат жинауда.

Аталмыш жүйеге қатысушы банкте депозит ашқан әрбір салымшы жинақтау мерзімінің соңында оқу ақысының шығындарын шамамен 30-40 пайызға қысқарта алады. Айырма мұндай салымға есептеліп отыратын банктің сыйлақысы мен мемлекет сыйлақысы арқасында қалыптасады. Бұл депозиттің банктік салымдардың басқа түрлерінен айырмашылығы осындай мемлекет сыйлақысының болуымен ерекшеленеді.

Бұл қаржылық тетік аға ұрпақ өкілдерін несімен қызықтырады? Қаржы орталығына хабарласып, кеңес сұраушылардың дені неліктен зейнетке шыққан аталар мен әжейлер? Өйткені, мұнда білім беру жинақтау салымына жарна енгізушілер ортасына шектеу қойылмайды. Егер перзентіңіздің атына мұндай салым ашылған болса, әрі ол атасы мен әжесінің қамқорлығына бөленген бақытты бала болса, олар депозит ашылған банктің бөлімшесі бар ҚР-ның кез келген қаласында тұрып-ақ, салымды толықтырып, қазірден немересінің болашағына үлес қоса алады.

Осы ретте, бұл жүйе жөнінде өз пікірін білдірген өмірлік тәжірибесі мол азаматтарымыздың бірі Тараз тұрғыны Ш.Б.Тәнікеева Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы былай дейді: «Жасым 66-да, алты немерем бар, олардың үшеуі әзірге тіпті мектепке де бармайды. Қазір зейнетке шығып, үйде кішкентай немерелеріме қараймын. Жаңа білім беру депозиттері туралы бағдарламаның барын естіп, қатты қуандым. Өйткені, оның арқасында біз сияқты әжелер өз немерелерінің болашақта лайықты білім алуына көмектесе алады. Мемлекет сыйлақысынан басқа білім беру жинақтау жүйесінің мені қызықтырған тағы бір жа-

ғы – кез келген туыс немесе жақын адам депозитке ақша сала алады, яғни егер менің балаларым өз балаларына білім беру жинақтау депозитін ашса, мен оның әжесі ретінде кез келген уақытта оған қаражат енгізуге толық құқылымын. Менің риза болатыным да осы, өйткені немерелерімнің студент болғанын көре алмасам да, қазірдің өзінде олардың келешекте білім алуына қандай да болса үлесімді қосқаным сенімдімін».

Біздің ұлттық менталитетімізде «ата-

дан балаға» деген түсінікке қашан да ерекше мән берілген. Ал үлкендердің мұндай қамқорлығынан кейін өскелең ұрпақтың алғысы шексіз болары анық. Дипломдарын қолдарына алған соң да ата-әжелерінің, әкешелерінің бұл жақсылығын естерінде сақтап, құрметтейтін болады.

Кенес дәуірінде тәрбиеленіп, есейген аға буынның мемлекетке сенімі әлдеқайда жоғары болатыны және қаражат жинақтауға дағдыланғаны белгілі. Жалпы, кенес дәуірі кезінде халықтың қаражат жинақтау мәдениеті әлдеқайда жоғары болды. Ақша банктерде және сақтандыру компанияларында сақталды. Балаларды 500 және 1000 рубльге сақтандыру үйреншікті іс болатын.

Нарықтық ортада тәрбиеленіп жатқан өскелең ұрпақ ақшаның рөлін жақсы біледі. Баланың атына депозит ашу арқылы ата-ана оны тұлға ретінде айқындайды, оның лайықты, жарқын болашаққа сенімін арттырады. Білім беру жинақтау салымын пайдалана отырып, ата-ана отбасында ақша жинақтау мәдениетін дамытады, әрі баланы жақсы оқуға ынталандырады және жоғары нәтижеге ұмтылысын арттырады.

Бүгінгі таңда мұндай салымды екінші деңгейлі 4 банкте – Темірбанк, БТА банкі, Қазақстан Халық банкі, Цеснабанкте – ашуға болады. Әрбір банк 8%-дан 10% аралығында өзінің сыйақы мөлшерлемесін белгілейді. Бұған қоса білім беру жинақтау салымына жыл сайын 5%-дан 7%-ға дейінгі мөлшерде мемлекет сыйлақысы есептеледі. Жоғары пайызды мемлекет сыйлақысы жетім балаларға, мүгедек балаларға, көп балалы отбасындағы балаларға және әлеуметтік жағынан аз қамсыздандырылған отбасылардағы балаларға төленеді. Осылайша, бұл жинақтау жүйесі бойынша депозит ашу арқылы салымшылар өз жинақтарын жылына 13% -17%-ға дейін көбейте алады.

Тағы бір маңызды жайт, салымшының қаражаты жылдан жылға тек көбейе береді, яғни әрбір жинақтау жылының соңында банктің сыйақысы мен мемлекеттің сыйлақысы салымшының енгізген қаражатына қосылып, бір сомаға айналады (капиталдандырылады) да, кейін әрбір жаңа жылдан бастап пайыздар осы жалпы соманың негізінде есептеліп отырады.

Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген мақал бар. Бұл – күшті мемлекет болу үшін алдымен жаңа ұрпаққа туылғаннан бастап дұрыс тәрбие беру қажет деген сөз. Бүгінде мемлекетіміз әрбір азаматқа білім беру жинақтау салымы арқылы дүниеге келген күннен бастап балаларының жарқын болашағының іргесін қалауға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, аталарымыздың ақылына құлақ асып, олардың көрегендігіне, өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, ұрпағымыздың лайықты білім алуына жағдай жасау өз қолымызда!

Әңгімелескен
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

“Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1993 жылы Тереңөзек орман шаруашылығынан бөлініп, Жалағаш ауданы әкімінің қаулысымен құрылды.

120000 теңге қаражат арнайы есепшотқа түсірілді. 2800 дана көшет көктемгі көгалдандыру жұмыстарына сұраныс бойынша тегін таратылды. Мекеме жанынан жаңадан мұзхана жасалып, оның ішінде 4 тн мұз салынып көктемгі уақытта көшеттер сақталды. Қазіргі кезде екпе көшеттеріне агротехникалық күтім жасалауда. Сонымен қатар, күзгі мау-

ТАБИҒАТ САҚШЫЛАРЫ

Мемлекеттік орман қоры жері – 769482 гектар, оның ішінде орманмен көмкерілгені 266838 га құрайды. Мекеменің материалды-техникалық базасында 2 Уаз автокөлігі, 6 трактор, 1 өрт сөндіру автомашинасы, 7 мотоцикл, 3 мініс аттары және басқа да ағаш егу, өрт сөндіру техникалары бар.

Мекеме бойынша үстіміздегі жылы жергілікті халыққа отындық сүректі босату мақсатында 1 601 700 теңге қаржы түсіру жоспарланса, қазіргі таңда 443 мың теңге бюджетке өткізілді.

Мемлекеттік орман қорын жанама пайдалану қызметтері бойынша мал жайылымдық үшін 8 жеке тұлғаның арызы бойынша уақытша 1 жылға жер беріліп, одан 68800 теңге орман табысы жергілікті бюджетке түсірілді.

Орман қоры жерлеріне 37 рейд ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде орман заңдылығын бұзған 4 азамат және заңсыз аң аулау ережесін бұзған 4 азамат анықталды. Орман заңдылығын бұзған 1 азаматтың ісі сотқа жолданып, соттың қаулысымен тәртіптік жаза берілді. Табиғатқа келген зиян 24076 теңге толық өндірілді. Заңсыз аң аулау бойынша 4 азаматқа ескерту жазасы берілді. Табиғатқа келген зиян 7408 теңге толық өндірілді.

Облыстық прокуратураның №5 хаттамасын орындау мақсатында киік жануарын қорғау үшін арнайы 24 рейд ұйымдастырылды. Рейд барысында ешқандай заң бұзушылық анықталған жоқ. Киік жануарын қорғау үшін арнайы 2 автокөлік бөлініп, барлығы 25 адам жұмыс жасайды. Көрнекті жерге 2 дана билборд орнатылды.

Жылдық жоспарына сәйкес 200 га жерге мемлекеттік орман қоры жеріне 72000 дана сексеуіл, 2500 дана Сыр талы көшеттері отырғызылды. Үстіміздегі жылы 1200 дана көшет сатылып, одан



сымда 800 га жерге 400 кг сексеуіл тұқымын себу, 500 гектар жерге ағаш, бұталардың табиғи өсіп-өнуіне ықпал ету жұмыстары жүргізілді.

Орманды жерлерге жақын орналасқан елді мекендерде ерікті өрт сөндірушілер топтары құрылып, оларда өрт сөндіруге қатысатын механизмдер тізімдемесінде 11-трактор, 11-автомашина және 84 қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерінің адамдары келісім-шартпен бекітілді. Өрт қаупі бар кезеңдерге кезекшілік кестесі жасалып, журнал арналды. Ерікті 2-өрт сөндіру тобы құрылды.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасыңа» демекші, өмірлік тәжірибесі мол, іскер азамат аудандық мәслихат депутаты С.Еспанов мекемеге басшылыққа келген бір жыл уақыт мерзімде ел игілігіне арналған жарқын істер жалғасын тапты. Жыл басынан бері мекеменің ауласы кеңейтіліп, тас төселіп, жаңадан қақта орнатылды. Техникалар тұратын ангар құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Аула аймағына көшеттер мен гүлдер егіліп, күтімге алынды. Мекеменің кеңсе ғимараты жөнделіп, есік-терезелері ауыстырылды. Қызметкерлері арнаулы киіммен, техникалармен қамтамасыз етіліп, табиғат байлығын қорғау жолында жемісті еңбек етуде. Әсіресе, орман күтушілер Қ.Бекетов, Б.Азмаханов, Н.Тұрғанбаев, Е.Бисенов, Б.Алғаппаров, Н.Әлмұратов, Ә.Максұтов, Н.Баймаханов, Қ.Оспанқұловтар жүйелі жұмыс атқарып, үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Алдағы жексенбі, яғни 21 қыркүйек – Орманшылардың кәсіби мерекесі. Табиғат сақшыларын төл мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне табыс, береке-бірлік тілейміз.

С.БЕРТАЕВ.
Жалағаш ауданы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТАҚЫРЫБЫНДА ОЙ БӨЛІСТІ

Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Туған жер» қоғамдық қозғалысы қауымдастығының ұйымдастыруымен «Даму» кәсіпкерлік орталығының залында «Сыбайлас жемқорлықпен күресте тиімді біртұтас саясат жүргізу» тақырыбында онлайн-конференция өткізілді.

Онда «Туған жер» қоғамдық қозғалысы қауымдастығының төрайымы Құрманай Ерімбетова атқарып жатқан жұмыстарын баяндады. Тақырыпқа орай облыстық ішкі саясат басқармасы, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы өкілдері, ҰЕҰ жетекшілері өз пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігі облыстық департаменті басшысының орынбасары Нұрлан Әбдікәрімов, облыстық әділет департаментінің бөлім басшысы Хәкімжан Әлиев сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігін баса айтты.

«Бастамаларды қолдау орталығының» заңгер-кеңесшісі Болат Айтимов білікті заңгер ретінде құқықтық кеңес берді. «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жаксыбек Егізбаев өзінің ұсыныс-тілектерімен кеңінен бөлісті. Аталмыш шара барысында Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының ішкі саясат бөлім басшылары аудан көлемінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан істер жайында қысқаша баяндап берді.

Жанна ҮМБЕТОВА,
«Туған жер» қоғамдық қозғалысы» қауымдастығының заңгері.

ЕҢБЕККЕРЛЕР МҮДДЕСІ БАСТЫ БАҚЫЛАУДА

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын құру негізінде Елбасы Жарлығымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі “Еңбек күні” болып жарияланды. Мұнда еңбек адамының беделін көтеру, жұмысшылар әулетінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту, жастарды өндіріс салаларына мейлінше тарту мақсат етіп қойылған.

Біз осыған орай еңбекшілер мүддесін қорғау шаралары жөнінде Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек ЖОЛДАСБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.

— *Әңгімемізді еңбек саласындағы бақылау басқармасының ағымдағы жылы атқарып жатқан жұмыстарынан бастасақ...*

— Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Биылғы жылдың осы уақытына дейін мемлекеттік еңбек инспекциясымен әр түрлі меншіктегі 198 мекеме мен кәсіпорын тексерілді. Жалпы тексеру барысында 317 заң бұзушылық анықталып, тексеру қорытындысымен 115 ұйғарым берілді.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы ҚР Еңбек кодексі талаптарының бұзылуына жол берген жауапты лауазымды және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдап, “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодексіне сәйкес 2014 жылдың 1 қыркүйегіне 4426280 теңге мөлшерінде 123 айыппұл салынды.

— *Елбасы тапсырмасына сәйкес бүгінде шағын және орта бизнес нысандарын тексеруге тоқтам жасалған ғой.*

— Дұрыс айтсаыз. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» 2014 жылғы 27 ақпандағы №757 Жарлығына сәйкес 2014 жылдың 2 сәуірінен бастап шағын және орта бизнес субъектілеріне тексеру жұмыстарын жүргізуге мораторий жариялануына байланысты тексеру жұмыстарын жүргізу тоқтатылған. Осыған орай мемлекеттік еңбек инспекциясының мекемелер мен кәсіпорындарды тексеру жұмыстары былтырғы жылмен салыстырғанда 49,5 пайызға төмендеді.

— *Еңбекшілерге жалақының уақытылы төленбеуі, болмаса қарызға белшеден батып отырған мекемелер мен кәсіпорындардың ахуалы алаңдатарлық жағдай. Осыған қатысты аймақтағы ахуалды айтсаңыз...*

— Қазіргі таңда басқарма басшылығы басқармаға арыз-шағымдардың көптеп келіп түсуіне орай Қызылорда облысының қала, аудандарымен әкімшіліктерінің жанынан еңбек құқығының бұзылу деректері бойынша еңбек дауына қатысты бітімгершілікпен шешу туралы комиссиялар құрылып, еңбек инспекциясымен бірлесіп жұмыстар жүргізілуде.

Саяси тұрақтылыққа кері әсерін тигізетін жағдайлардың бірі, өзіңіз айтқандай, жұмыскерлерге жалақының уақытылы төленбеуі болып отыр. Мемлекеттік еңбек инспекторлары әр түрлі меншіктегі мекемелер мен кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамалары сақталуына жоппарлы, кешенді, жоспардан тыс тексерулер жүргізіп, жалақыдан қарызы бар мекемелерді анықтап, мониторинг жүргізіп отырады.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде ағымдағы жылдың осы уақытына дейін 9 мекемеде жұмысшылар алдындағы жалақыдан қарыз мөлшері 49,3 млн. теңгеге төмендегені байқалады. Яғни, мемлекеттік еңбек инспекциясы қабылдаған шаралар арқасында былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жалақы қарызы 65 пайызға төмендеді. Биылғы жылдың 1 қыркүйегіне 4 мекеменің 417 жұмысшыға 21,4 млн. теңге берешек екендігі анықталып отыр. Былтырғы қыркүйек айында 12 мекеме 1475 жұмысшыға 61,1 млн. теңге қарыз болған еді. Сонымен бірге жыл басынан бері облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасына келіп түскен жеке тұлғалардың өтініштері негізінде мемлекеттік еңбек инспекторлары облыстық прокуратурамен бірлесіп, ықпал ету нәтижесінде 2652 жұмысшының 145,006 млн. теңге алашақ еңбекақылары өндіріліп берілді.

Облыс әкімінің төрағалығымен құқық қорғау органдары, сот актілерін орындату департаменті, облыстық бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерінің, сондай-ақ, барлық борышкерлердің қатысуымен ай сайын кеңейтілген жиылыстар өткізіледі. Кеңес қорытындысымен жұмыс

берушілерге жалақыға қарыздарды жою жөнінде қатаң тапсырмалар беріліп, оның мерзімдері қойылған хаттамалар табысталады.

— *Өндірісте жазатайым оқиғалар да болып жатады ғой. Өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы айтсаңыз...*

— Биылғы жылы мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы нәтижесінде 45 жазатайым оқиға тіркелді. Мұның 8-і еңбек қызметімен байланысты емес. Еңбек қызметімен байланысты тіркелген 37 жазатайым оқиғада 52 адам зардап шеккен, оның 3-і ауыр жағдайға ұшыраса, 10-ы қаза болған.

Жүргізілген талдау жұмыстары көрсеткендей, өндірістік жарақаттанулар көп жағдайда мұнай-газ, құрылыс, автокөлік салаларында кездеседі. Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері автокөлік қозғалысының ережелерін бұзу, қауіпсіз жұмыс тәсіліне оқытудың жеткіліксіздігі және зардап шегушінің қателігі салдарынан болып жатады.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы 2014 жылға жұмыс берушілердің кәсіпорындардағы өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында еңбек жағдайларының еңбек қорғау мемлекеттік стандарттарға сәйкес ерікті декларация жасау туралы жоспар кестесі жасалынды. Сенім сертификаттары «Техника восточной международной нефти» ЖШС-на тапсырылды. Сондай-ақ, “Бүкіләлемдік еңбекті қорғау” күніне орай ұйымдастырған «дөңгелек үстел» барысында «РУ-6» ЖШС, «Авангард» ЖШС «Торғай Петролеум» БК компаниясына табыс етілді.

— *«Ұжымдық шарт жасасыңдар!» акциясы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар нәтижесін білсек...*

— Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы жарияланғанын жақсы білесіздер. Сондай-ақ, ҚР «Кәсіподақтар және еңбектің реттелуі туралы» Заңы 2014 жылдың шілде айында қабылданды. Негізгі мақсат — еңбеккерлер мүддесін ескерген кәсіпкерлік қолдауын қамтитын еңбек қатынастарының түбірімен жаңа үлгісін жасау.

Баршамызға белгілі, ұжымдық шарт жасалғанда ғана жұмыс берушілердің де, қызметкерлердің де тиісті құқықтары мен мүдделері заңды құжатпен қорғалады, тәртіп нығаяды, жауапкершілік жоғарылайды. Осы бағытта ағымдағы жылдың тамыз айының басында қала және барлық ауданның әкімдігіне мекемелер мен кәсіпорындарға келіссөздер жүргізу арқылы ұжымдық шарт жасауға ықпал жасап, тиісті шаралар қабылдау жөнінде өз ұсынысымызды бердік. Сондай-ақ, мемлекеттік еңбек инспекциясы мен ҚР Кәсіподақтар федерациясы облыстық филиалының өкілдері бірлесе отырып, жоспарланған кестеге сәйкес 22-30 тамыз аралығында қала, аудан әкімдерінің ұйымдастыруымен жаппай құқықтық білім беру мақсатында еңбек саласындағы жалақы берешегі, жеке және ұжымдық даулардың алдын алу, ұжымдық шарттар жасау қажеттігі жөнінде оқу-семинарлары өткізді. Осы орайда бір айта кететін жайт, Жалағаш ауданының әкімдігі барлық ауылдық округтерге барып, ұжымдық шарт жасауға үлкен ықпал етті. Бұл бастама өзге аудандар әкімдігіне сабақ болуы тиіс.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Қызылорда облысы бойынша жұмыс істеп тұрған 6005 мекеменің 4803-де ұжымдық шарттар жасалынды. Оның 1011-і кәсіподақтар ұйымымен, қалғаны, яғни, 3792-сі қызметкерлер өкілдерімен жасалынған.

— *“Еңбек күні” мерекесі еркіне жағдайда аталып өтетін болар?*

— Әрине. Еңбек адамдарының беделін көтеру үшін бұл күні салтанатты шара өткізілмек. Сондай-ақ, Астанада “Жалпыға ортақ Еңбек қоғамын құру” атты еңбеккерлердің республикалық форумы өткізіледі. Бұл салтанатты шараға біздің аймақтан жоғары көрсеткішті кәсіпорындардан 13 адам барады деген болжам бар.

— *Әңгімеңізге рахмет.*



Сұхбаттасқан
Еркін ӘБІЛ.

Қазақстанның кәсіби және өзге мерекелер тізімі жаңа мереке – Еңбек күнімен толықты. Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының соңғы жексенбісі Еңбек күні болып жарияланғаны белгілі. Биыл бұл мереке алғаш рет тойланғалы отыр. Осыған орай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Аманжол АЛДАЖАРОВПЕН әңгімелескен болатынбыз.

ЕҢБЕК КҮНІ ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ БОЛМАҚ

— *Алдымен мерекенің мәні мен маңыздылығына тоқтала кетсеңіз...*

— Біріншіден, барлық сала мамандары мен еңбек ардагерлерін алғаш рет тойланғалы тұрған “Еңбек күні” мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Негізінен, Еңбек күні мерекесін ұйымдастырушылар — Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, ҚР Кәсіподақ федерациясы мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. Еңбек күні мерекесі өз ісінің нағыз маманы болған, отбасылық кәсіпке айналдырған еңбек майталмандарын ұлықтау, кейінгі ұрпаққа насихаттау болып табылады. Сондықтан Елбасы Жарлығына сәйкес айтулы мерекені атап өту қолға алынды. Мерекеге орай Астана қаласының ұлттық мұражайында “Жалпыға ортақ Еңбек қоғамын құру” туралы тұңғыш рет республикалық еңбек форумы ұйымдастырылады. Онда барлық облыс қамтылады. Түрлі салада еңбек ететін үздік жұмысшылар “Еңбек Ері” медалі және басқа да номинациялармен марапатталатын болады. Сонымен қатар, еліміздің барлық аймағында бұл мереке жоғары деңгейде аталып өтіледі деп күтілуде.

— *Аталған мерекенің басты мақсаты неде деп ойлайсыз?*

— Бұл мейрам еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға, өндірістік қызметтерді ынталандыруға, жұмысшы мамандықтарды насихаттау мен көпжылдық еңбек дәстүрлерін нығайтуға бағытталған. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру шеңберіндегі өндіруші еңбекті күшейтуге және жастар арасында жұмысшы кәсібіне деген қызығушылықты арттыру, нығайту болып табылады. Сонымен қатар, жұртшылықты еңбек ұжымдарының тыныс-тіршілігімен таныстырып, озаттары мен үздіктерінің ізгі жолын, еңбек әулеттерінің өнегелі қырларын көпке үлгі ету, сол арқылы адамдарды еңбекке баулып, ынтасын арттыру көзделген.

— *Сыр елі ертеден-ақ, еңбекпен аты шыққан мекен екені даусыз. Қай саласын алып қарасақ та, ілгерлеушілік байқалады. Мұны атқарылып жатқан жұмыстардан аңғаруға болады. Жалпы, бұл мереке біздің облыста қалай аталып өтпек?*

— Өңіріміз ақ маржан күрішімен белгілі. Ол еңбеккерлердің маңдай терімен өсіріледі. Соңғы уақыттарда жаңа өндірістер ашылып, облыс экономикасын дамытуда белсенді жұмыстар атқарылуда. Осы орайда өңірімізде әр саланың тізгінін ұстап, оны отбасылық кәсіппен жалған еңбек майталмандары көптеп кездеседі. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетсек. Мәселен, есімі елге мәлім теміржол саласында аянбай еңбек еткен Айтубай Курбеновтер әулеті, олардың жалпы еңбек өтілі 562 жыл болса, ата кәсіпті жалғанған отбасында 21 жан бар. Сондай-ақ, облыстық су басқармасы саласында жалпы еңбек өтілі 145 жыл болған Садық Оспановтар әулетін де атап өтуге тұрарлық. Тізе берсек өте көп.

Жалпы, облыста еңбек мерекесінің іс-жоспары бекітіліп, түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Ал, 23 қыркүйекте “Еңбек сабақтастығы” атты кең көлемде форум өтіп, онда еңбек династиялары марапатталатын болады.

— *Әңгімеңізге рахмет.*

Сұхбаттасқан
Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ...

Атамыз қазақ осындай жарасымды тіршілікті көрген сәтте «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген тәмсілін тілге тиек етіп, береке дарыған шаңырақ шаттығын әсептейті білді. Расында да, бұл тәмсілдің қаншама дәуір өтсе де, өз мәнін жоғалта қоймағанын айқын аңғарамыз. Бүгінгі таңда елімізде жарасымды тіршілікте өмір сүріп жатқан отбасыларды дәріптеу бағытында оң үрдіс қолға алынып келеді. Қашаннан да қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде ондай отбасылар саны жетіп артылады.

Олардың арасынан бірқатарын айрықша атай кеткеніміздің артықтығы жоқ. Қазіргі таңда Шнелі ауданының Бестам ауылында тұратын Кенжебек Қыпшақбайды ағайын-туыс, ауылдастары ұлағат дарытқан ұстаздар әулеті деп санайды. Солай боларлық жөні бар. Білім саласында әкесінің жолымен жүрген ұрпағы одан ешбір зиян көрген жоқ. Бүгінгі күні аталмыш әулетте 16 адам ұстаздық қызметте жемісті еңбек етіп келеді. Олардың жалпы еңбек өтілін қоса есептегенде 285 жылды құрайды екен. Ал Сырдария ауданында тұратын Рүстем Сыздықұлы әулетінің жалпы еңбек өтілі олардан 25 жылға ғана кем. Бұл отбасында 11 адам «Әке көрген оқ жонар» деген қағиданы берік ұстанып, денсаулық сақтау саласында қызмет атқарып келеді.

Тағы бір береке дарыған әулеттер ретінде Жаңақорған және Арал аудандарында тұратын мәдениет саласының өкілдері — Бәден Айсынов пен Мұрат Сыдықовты атай кеткеніміз абзал. Жаңақорған ауданының Талап ауы-

лында тұратын Б.Айсыновтар отбасында 7 адам аталмыш салада еңбек етіп, жалпы еңбек өтілі 186 жылды құрап отыр. Ал Аралдың белгілі күйші-сазгері М.Сыдықовтың шаңырағында 5 адам өнердің өрелі биігіне тапырған, олардың еңбек өтілі 162 жылға жуықтайды. Облыстың су шаруашылығында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан Сыдық Оспановтың ұл-қыздары да әке жолын жалғады. Отбасындағы аталмыш салада қызмет ететін 6 адамның жалпы еңбек өтілі осылайша 145 жылға жетті. Ауыл шаруашылығы саласында еңбек өтілі 75 жылды құрайтын, 5 адам тұратын отбасының алтын діңгегі — Бегалы Пірдашов әрдайым өз ұрпағына тәлімді тәрбие беруден жалыққан емес. Қызылордалық Кеңесбек Анафин ішкі істер құрылымында қоғамдық тәртіптің сақтау шарасына ерекше мән берді. Бүгінде аталмыш отбасында еңбек етіп жүргендер саны 7-ге жетті, жалпы еңбек өтілдері 65 жылға жуық. Қызылорда қаласында тұратын белгілі суретші Мұратбай Үмбетов өзімен бірге екі баласын өз кәсібіне терең үңілуге баулыған. Олардың жалпы еңбек өтілі — 59 жыл. Әлеуметтік саланың өкілі Рахия Жәнібекованың отбасында 7 адам (еңбек өтілі — 55 жыл) сол кәсіптің қыр-сырына үңіліп, тәжірибелі мамандарға айналған. Сыр өңірінің спортшылары жеңіл атлетика бапкері Владимир Лептиковті жақсы таниды. Олардың шаңырағында қазір 3 адам жеңіл атлетиканың қыр-сырын жас өрендерге үйретіп келеді.

Ә.ТҮРСЫНБЕКҰЛЫ.

АҚШАБҰЛАҚ ҚҰМДАРЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Жергілікті өңірде мұнай өндіру ісімен айналысатын «ҚазГерМұнай БК» ЖШС аймақтың көркейту-көгалдандыру жобаларына белсенді түрде атсалысып келеді. Қуаныштысы, серіктестік бұл игі істерін жақсы дәстүрге айналдырып, өздерінің негізгі міндетінің бірі ретінде санайды. Қысқасын айтқанда, мұндай шараларды олар компанияның брендтік жұмысы деп бағалайды.

Қызылорда қаласындағы «Шұғыла» шағын ауданының тұрғындары осындай игілікті істің куәгері болды. Аталмыш компания оларға субұрқак, жарықшамдар, спорттық құрал-жабдықтар қойылған көрікті скверді тарту етті. Шағын аудан тұрғындары «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Медет Кәрімге осындай өтінішін білдірген еді. Бұл өтінішке мұнайшылар бей-жай қарамастан көп ұзамай сәулеті мен келбеті келіскен скверді жұртшылыққа сыйға тартты.

Компания мүшелері өздерінің қызметкерлеріне де осындай тарту етті. Кәсіби мерекесі – мұнайшылар күні қарсаңында «Ақшабұлақ» кенішінде жұмысшылардың демалысына арналған арнайы орын бой түзеді. Онда түнгі уақытта жарық шам жанып тұратын субұрқактар, орындықтар және өзге де дүниелер қойылған. Көктем және күз мезгілдерінде аталған аумаққа саялы ағаштар мен көгалдар отырғызылып, бұл жер жасыл желекке бөлене түседі. Осылайша Ақшабұлақтың құмды даласында алыстан «менмұндалап» тұрған оазистің пайда болғанына көз жеткізуге толық мүмкіндік бар.

Мұндай шараларды аймақтың мұнай өндіру саласында отыз жылдан астам уақыттан бері ешкім көрген емес. Еліміздің бірқатар өңірлерінде «қара алтынға» түрен тигеніне қаншама жылдардың жүзі болса да, осындай субұрқак пен анфилады бар парктер салына қоймағаны белгілі. Сондықтан мұнайшылар аталмыш игілікті істі еліміз бойынша тұңғыш мәрте қолға алып отыр деп айтуға болады.

Аталмыш жобаны «Абзал және К» ТС компаниясы жасап шықты. Олар «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-ның бұрыннан келе жатқан сенімді серіктестігі саналады.

“ШҰҒЫЛАДА” СПОРТТЫҚ АЛАҢДАР САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласындағы №21 сайлау округінен облыстық мәслихатқа депутаттыққа сайланған “ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры Медет Кәрім өзінің сайлауалды бағдарламасын орындауға ерекше мән беріп келеді. Соның нәтижесінде облыс орталығындағы “Шұғыла” шағын ауданында орын тепкен №7, 187, 235 мектептердің аумақтарында спорттық алаңдар салынып, жас жеткіншектердің көзайымына айналды.

Алаңдардың құрылыстарына “ҚазГерМұнай» БК» ЖШС қаржы бөлді. Аталмыш жобаның басты мақсаты – осы мектептердің маңында тұратын және білім ошақтарында оқитын балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, аталмыш мектептерде оқитын аз қамтамасыз етілген және асыраушысынан айрылған отбасылар балалары оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді.

Райан АҚНИЕТ.



Қазақстан интеллигенциясы, яғни қазақтың зиялы қауымы ақын-жыраулары шешен-билері, абыздары дәстүрлі қазақ қоғамының алғашқы өкілдері болды. Қазіргі кезеңде көптеген сөздіктерде интеллигенция дегенде мамандығы бойынша ой еңбегімен айналысатын адамдарды айтады. 1917 жылғы революция қарсаңында осындай қазақ интеллигенциясының өкілдері қазақ даласынан шығып Ресей оқу орындарында оқып, қызмет істеп, саяси жұмысқа белсене араласа бастады. Сөйтіп XX ғасырдың басында ой өрісі батыстан кем түспейтін, елінің, халқының жанашырлары жаңа толқындағы қазақ интеллигенциясы қалыптасты.

Кенес заманының келуімен 20-30-шы жылдары қазақ ұлттық интеллигенциясының саны да сапасы да революцияға дейінгі деңгейден артып, мыңдаған қазақ ұлдары мен қыздары Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қоса бастады. 30-шы жылдардағы ашаршылық кезеңінен кейінгі алғашқы жылдар ұлттық интеллигенцияның қайта өрбіген кезі болды. Бұл жылдары көптеген қазақ балалары Ресей оқу орындарында оқып келіп, көрген-білгендерін жергілікті жермен салыстырып өз еңбектерін Қазақстанды дамыту жолына салды. Алайда, 30-шы жылдардың екінші жартысындағы саяси репрессиялар бірінші кезекте қазақ интеллигенциясына тиіп бел орақпен даладағы шөпті шапқандай шайқалып көтеріле бастаған қазақ интеллигенциясын орып салды. XX ғасырдың 50-ші жылдары бұлардың көбісі ақталғанымен өкінішке орай олардың еңбектері, атқарған қызметтері көп жағдайда толық ашылмай қалды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері, кезінде репрессия құрбандары болған көптеген қазақ зиялыларының есімдері қайта жаңғырып қазақ жұртшылығына танымал болып жүр. Солардың қатарында Сыр елінің азаматы, жас кезінен қоғамдық және мемлекет жұмыстарына тығыз араласқан қайраткер Темірбек Қараұлы Жүргенов болды.

Биыл Қызылорда облысы әкімінің ұсынысына сәйкес Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің ғалымдары Алматы, Душанбе және Ташкент мұрағаттарына Темірбек Жүргеновке қатысты құжаттарды жинақтап әкелуге жіберілді. Бұл мақала осы іссапарлар кезінде әкелінген мұрағат құжаттарының негізінде дайындалған. Құжаттардың көпшілігі Т.Жүргеновтің Халық ағарту комиссары болып жұмыс атқарған кезеңіне байланысты болғандықтан, негізгі мәселені сол кезеңдегі құжаттардан бастағанды дұрыс көрдік.

Халық ағарту комиссары болып қызмет істеген Т.Жүргенов Қазақстанда білім, ғылым, өнер, мәдениет салаларының дамуына елеулі үлес қосты. Оның басшылығымен қазіргі белгілі оқу орындарының, театрлардың іргетастары қаланып, ұлттық интеллигенцияның, жоғары білімді мамандардың, көптеген жаңа қатары пайда болды. Бұл мамандарды дайындау үшін оларды Ресейдегі оқу орындарына, оның ішінде Мәскеуге, Ленинградқа, тағы басқа қалаларға жіберіп сол қалаларда қазақ жерлестіктерінің қауымдастығын құрып сол арқылы Комиссариаттан қаржы беріп қосымша стипендия, санаторияларға жолдамалар бөліп, сыртта оқыған қазақ балдарына көмек беріп отырған.

Темірбек Жүргенов Қазақстаннан тыс жерлерде оқытын Қазақстандық студенттерді өзінің назарынан тыс қалдырмай, қолынан келгенше көмек беріп, еліне қайтқанда баяғы орыстың

патшасы Петр I секілді шетелде оқып келген орыс дворяндарының балаларынан өзі емтихан қабылдап қызметке тағайындағандай наркомпросттың арнайы бұйрығымен [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 3-тізбе, 325-іс, 360-п.] белсенділігіне, үлгіріміне және маманға сұранысқа байланысты оларды бірінші кезекте педагогикалық техникумдарға, облыстық және қалалық білім бөлімдерінде жұмыс істеуге жолдама беріп отырған. Осындай бұйрықтарды Қазақстанның жоғары оқу орны КазПИ-ді бітірген түлектерге де арнап шығарған [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 3-тізбе, 326-іс, 371-п.]. Бұл бұйрықтардың кейбіреулерінде жолдама алғалы

технологиялары студент институтты бітіріп жұмыс орнына барғасын ғана емес, сол жылы-ақ мектептерге жетіп отырды.

Темірбек Жүргеновтің тағы бір қасиеті жоғары оқу орындары ішінде университеттік жүйені жақсы қадірлегені. Осыған байланысты деп ойлаймын. 1937 жылы Томск университетін бітіретін 9 қазақстандық студентті оқуын бітірмей жатып біреуін педтехникумның директоры қызметіне, екеуін орта мектеп директорлығына, біреуін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына, біреуін педтехникумға оқытушылық қызметке, ал қалғандарын ауылдарға жібермей қала мектептерінде қалдыруға бұйрығын шығартқан. Бұдан болашақ педагогикалық кадрларды



Қазақ АКСР-ның 15 жылдығын атап өту бұйрығында [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 81-қор, 4-тізбе, 35-іс, 85-п.]. «Қазақстанда қазіргі таңда 6000 мектеп бар. Онда 600 000 оқушы білім алуда, Революцияға дейін бірде-бір орта немесе жоғары оқу орны болмаса, қазір 100-ге жуық техникум, 17 жоғары оқу орны, оның ішінде бірінші Қазақ Мемлекеттік Университеті бар» деген еді. 6000 мектептің болуы сол кезең үшін үлкен жетістік болды. КСРО ыдырағаннан кейінгі 1992-1993 оқу жылында Қазақстанда 8 654 мектеп болған, бұл мектептерде 3 126,9 мың оқушы оқыған [Региональный статистический ежегодник Казахстана за 1992 год, Алматы, Казинформ центр 1993, стр.234]. Әрине, 30-шы жылдардағы мектептермен

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

(Қазақстан мұрағат құжаттары негізінде)

отырған студент тұсында Т.Жүргеновтің өз қолымен жасаған түзетулер бар. Осыдан Т.Жүргенов студент туралы қосымша мәлімет жинап я ол студентпен жеке кездесті ма деген ой туады. XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның орта оқу орындарын, мектептерді, техникумдарды және жоғары оқу орындарын сапалы мамандармен қамтамасыз ету қиын болатын. Арнаулы білімі бар азаматтар аз, болған жағдайда да оларды Кеңес үкіметінің түрлі деңгейдегі мемлекеттік ұйымдары өздеріне жұмысқа тартып әкететін. Т.Жүргеновтің үлкен бір еңбегі – осы мәселені Қазақстанның үкімет басшыларының алдында көтеріп басқа салада жұмыс істеп жүрген педагогика саласының мамандарын қайтадан өз саласына тарту туралы жасаған ұсынысы. Осы ұсыныстың нәтижесінде Қазақстан үкіметінің қаулысына сәйкес сол кезде басқа салада жұмыс істеп жүрген жоғары білімді педагогика саласының бір жарым мыңдай маманының сегіз жүзден астамы педагогика саласына қайта оралды [Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6614 іс.316-п.]. Бұл жерде Т.Жүргеновтің өзіне тапсырылған жұмысты ақыға салып, табандылықпен істейтіні көрінді.

XX ғасырдың отызыншы жылдарының басында Қазақстан мектептерінде арнаулы білімді болмаса да, икемділігін, сауатын болса мұғалім болып жұмыс істеу күнделікті шаруа еді. Т.Жүргенов осы проблеманы шешуді, мектептерді дипломы бар мамандармен қамтамасыз етуді өзінің алдына негізгі міндет есебінде қойды. 1934-1935 оқу жылында Қазақстанның 1-ші және 2-ші деңгейдегі мектептерінде жұмыс істеген 15583 мұғалімнің 10 мыңының арнаулы білімі болмаған. Бұл оқу жылында Қазақстан мектептеріне қосымша 4000 мұғалім керек болды, ал 1934 жылы Қазақстандағы барлық пед.техникумдарды 350 студент қана бітіретін еді. Сол себепті 1934-1935 жылғы педагогикалық кадрлардың дефициті 3650 адамды құрады [Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6604-іс. 359-361пп.]. Осы проблемаларды аз уақытта шешу Т.Жүргеновтің негізгі жұмысы болды.

Бұл кезең қысылтаяң уақыт болатын, мұғалім кадрларының жетіспеушілігіне байланысты жаз айларында бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру үшін наркомның тапсырмасымен КазПИ-дің 2-ші және 3-ші курс студенттерінде Қазақстанның аудандары мен ауылдарына екі айға іссапарларға жіберіліп отырды [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 3-тізбе, 326-іс, 371-п.]. Осы іс-тәжірибе арқылы педагогикалық институттарда енгізіліп жатқан жаңа оқу

дайындауда ғылыммен білімнің ұш-тасқан университеттік білім жүйесінің болашағын Т.Жүргенов сол кездің өзінде білгені және осы жүйені Қазақстанда да дамытуға тырысқандығы көрінеді.

Халық ағарту комиссариаты саласына қарайтын барлық жерлерде Т.Жүргенов жұмысқа деген ынта-жігерін көрсете білді. 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры ашылғанда Т.Жүргенов осы театрға мамандар даярлау мақсатында 64 адамды Москваға оқуға жіберу үшін болашақ студенттерді іріктеуге құрамында Брусиловский секілді тұлғалар бар бес адамды Қазақстанның Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Алматы, Ақтөбе облыстарына іссапарға жіберді. Кейбір жағдайда біліктілігімен көзге түскен қызметкерлерді, біліктілігін арттыру үшін стипендия тағайындап, оқуға жіберіп отырған. Мысалы, 1935 жылдың соңында ән айту өнерімен көзге түскен Р.Алоширова деген азаматшаға 200 сом есебінде стипендия тағайындап, Москвадағы консерватория жанындағы опера студиясына оқуға жіберген. Жаңадан ашылған опера театрына мамандардың өте керек екенін түсінген Т.Жүргенов Москва консерваториясы жанынан Қазақ опера студиясының ашылуына дем беріп, оның директоры қызметіне Никита Давидович Кармановты тағайындап, 500 сом есебінде жалақысын бекітті [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 3-тізбе, 325-іс, 10-п.]. Осы кезде Т.Жүргеновтің Халық комиссары есебіндегі жалақысы 450 сом болатын. Т.Жүргеновтің қарапайымдылығын 1935 жылғы Халық ағарту Комиссариаты қызметкерлерінің штаттық кестесінен көруге болады. Ол өзінің тұсында белгіленген 500 сом айлық жалақы дегенді сызып, тұсына 450 сом деп қойған. Сонда наркомның секретариатындағы Т.Жүргеновті қосқандағы 5 адамның 3-ін жалақысы наркомнан артық, ал біреуінікі наркоммен бірдей болған [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 3-тізбе, 325-іс, 366-п.].

Кейбір зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы сырттай оқу бөлімдері Ұлы Отан соғысынан қайтқан жауынгерлердің еңбек етіп жүріп жоғары білімді алуы үшін ашылған делінген. Ал Т.Жүргеновке қатысты мұрағат құжаттарымен таныса келе сырттай оқу бөлімдері 30-шы жылдары жұмыс істегені көрініп тұр. 1936 жылы 23 қазанда Қазақстан үкіметі Қазақстандағы оқу орындарында маман тапшылығына сәйкес қосымша 3000 студентті дайындау туралы бұйрығын шығарды. Осыған сәйкес Т.Жүргеновтің бұйрығымен Темір, Лепсі, Жаркент, Үрджар, Семей, Өскемен, Зайсан,

Павлодар, Петропавловск, Шучинск, Шымкент, Түркістан педагогикалық техникумдарынан сырттай оқу бөлімдері ашылды [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 4-тізбе, 115-іс. 1-2 пп.]. Осы 1936 жылдың 20 қарашасындағы бұйрыққа сәйкес мектептердегі дипломы жоқ мұғалімдерді сол 1936 жылдың соңына дейін сырттай оқу бөліміне оқуға түсуге мәжбүрледі, оқуға түспеген жағдайда я оқуға қызығушылық білдірмеген жағдайда оқуымен қоса, жұмысынан шығаруды тапсырды. Сырттай оқу бөлімдерінің ашылуы да мұғалім кадрларының жетіспеушілігін толтыра алмады. Бұл, әсіресе, жоғары білімді мамандарға қатысты, жақсы көрінді. Осыған байланысты педагог мамандардың жетіспеушілігін қысқа мерзімде жою үшін Қазақ АССР-нің Комиссарлар кеңесінің «мұғалімдік және педагогикалық институттарға мұғалімдерді екстернатқа қабылдау туралы» қаулысына сәйкес толық орта білімі бар, мұғалім болып жұмыс істеп жатқан 250 адамды Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтына, 160 адамды Орал пединститутына, 175 адамды Ақтөбе мұғалімдер институтына, барлығы 585 адамды жедел түрде дайындау туралы бұйрықты дайындап, Т.Жүргенов Қазақстан үшін жоғары білімді педагог мамандарды дайындауды, мектептермен арнаулы орта, жоғары оқу орындарында мамандардың көбеюіне өзінің үлкен үлесін қосты.

Бәрімізге мәлім, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы 1944 жылдан жұмыс істеп келеді. Бірақ көпшілік бұл жұмыстың басы Т.Жүргеновтің кезінде жасалғанын білмейді. 1935 жылдың 30 желтоқсанында Т.Жүргенов Қазақ мемлекеттік консерваториясын құрудың дайындығын бастау үшін 7 адамнан тұратын құрамында А.Жұбанов, Е.Брусиловскийлар бар комиссия құрып, оларға консерваторияны білім алушылармен қамтамасыз етуді, сырттан оқытушы-профессорларды шақыруды, музыкалық аспаптармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырды және осы бұйрығымен Алматыдан жылына 100 адамды қабылдайтын музыкалық мектепті ашып берді [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 81-қор, 4-тізбе, 35-іс, 1-п.]. Бұл болашақ консерватория абитуриенттері еді. Бұған қоса, қазақтың музыкалық аспаптарын көптеп дайындау үшін комиссариат тарапынан музыкалық аспаптарға сұраныстар жасап, аспаптар дайындайтын фабрикаға тапсырыс беріп, ұлттық музыкалық аспаптардың жасалуына, ұмытылмауына, жандануына жағдай жасады.

Темірбек Жүргенов Қазақстанның ағарту саласында Халық Комиссары болған кезде көптеген жұмыстар атқарылды. 1935 жылы

90-шы жылдардағы мектептерді салыстыруға болмайды. Бірақ 6000 деген мектеп саны көп нәрсені білдіріп тұр. Алайда, осы сандардың өзінен 30-шы жылдары мектептер көп болса да, балаларды оқуға тарту әлі де қиындық туғызғаны көрініп тұр.

Оқушылардың сабаққа көптеп келмеуін КАКСР Халық ағарту комиссариатының 28.11.1934 жылғы №581 бұйрығынан көруге болады. Ақтөбе облысының 7 малшаруашылық ауданында 1933-1934 оқу жылында 1 сыныпта 9375 оқушы оқыса, келесі жылы 2 сыныпта 3468 оқушы ғана оқыған [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 4-тізбе, 115-іс, 7-п.]. Мұндайда Жүргенов жағдайды жөндеудің жолын көрсетіп, нақты тапсырмалар беретін. Ал егер жұмыс жөнделмесе, қатаң шаралар қолданатын. Мысалы, сол Ақтөбе облысының Карповка елді мекеніндегі толық емес орта мектебіндегі жұмысты әлсіреткені үшін Т.Жүргенов мектеп директоры Галатоны және аудандық білім бөлімінің басшысы Родненконы сотқа берді. Өз қызметіне салғырт қарайтын басшыларды ақшамен де жазалап отырған. Мысалы, Алматыдағы кітапханашылар курсына 2-3 кластық білімі бар, сауаты төмен, кейбіреулері Ликбезде ғана оқыған адамдарды жібергені үшін бұлардың жолпұл шығындарын толығымен осыларды оқуға жіберген аудандық білім бөлімдері басшыларының мойнына салған [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты., 81-қор, 4-тізбе, 58-іс. 613-п.].

Темірбек Жүргенов қазақ балаларын оқуға тартуға, әсіресе қабілетті балаларды тартуға көп жұмыс атқарды, солардың бірі 1935 жылдың 4 шілдесінде өткен балалар үйлерінде тәрбиеленуші қабілетті балалардың слөті. Бұл кезде 30-жылдардағы ашаршылық кезінде жетім қалған балалардың балалар үйінде көп болу фактісі тіркелді және олардың көбісі қазақ балалары еді. Осы слөтке шақырылған 60 адамның 25-і қазағы көп Оңтүстік Қазақстан облысынан шақырылған болатын. Слөттің қорытындысы бойынша балалардың қай бағытта қабілетінің мол екені анықталып, түрлі оқу орындарына емтихансыз қабылданды [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 111-п.]. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне жағдай жасап, азамат болып қалыптасуына Т.Жүргеновтің келесі бұйрығы да дәлел. 1935 жылғы оқу орындарына қабылдау жоспарына сәйкес Алматыдағы Муздраттехникумға 130 адам, хореография мектебіне 50 адам Алматы, Оңтүстік, Шығыс Қазақстан және Қарағанды балалар үйінің балаларынан алынды.

Оқуға алынған бұл балалар шын-
(Соңы 10-бетте).

(Басы 9-бетте).

дығында сауатты балалар болу керек, себебі көп ұзамай бұл студенттерді Қазақстанның әр жерінен театрларға жұмысқа шақырып, студенттер стипендиядан гөрі айлық алғанды дұрыс көріп театрларға кете бастады. Бұ- ны білген Т.Жүргенов театр директорларына студенттерді жұмысқа алмау, ал студенттерге оқуларын жалғастыру туралы арнайы бұйрық шығарды [Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 81-қор, 4-тізбе, 35-іс. 14-п]. Т.Жүргеновтің ұлттық кадрларды дайындауға үлкен мән бергенін БКП(б) Қазақстан өлкелік бюросының 1934 жылғы 27 мамырдағы қаулысынан көруге болады. Бұл қаулыға сәйкес жоғары оқу орындарына 1934 жылы қабылданатын студенттердің 65-80% қазақ я шығыс ұлттары өкілдерінен болу керек болды [Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6651-іс. 379-п]. 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетін ашуға үкім шыққанда, болашақ университеттің профессор-оқытушылар кадрларын дайындау үшін Москва, Ленинград университеттеріне 10 адамды аспирантураға жіберу көзделгенде, Т.Жүргенов бірінші кезекте қазақ ұлты- ның өкілдерін жіберу туралы мәселені кө- терді [Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6605-іс. 121-п].

Т.Жүргенов ана тілін оқыту мәселесіне де

ерекше мән берді. 1936 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Көкпекті ауданындағы мектептің бірінде оқушылар 44 сөзден тұратын диктантта орташа 38 катеден, ал Семей қаласындағы 95 мұғалім диктантта 843 қате жібергенін білген Халық комиссары бақылауды күшейтуді,

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

ал ана тілін оқытатын барлық мұғалімді тексеруден өткізіп, ана тілін оқыту үйірмелерін ұйымдастыруды тапсырды.

Қаралған құжаттар ішінде бір қынжыл- татыны «Атта отырсаң еретіндер көп, аттан құласаң тебетіндер көп» дегендей, Т.Жүргенов түрмеге жабылғаннан кейін оның орынбасары «Бұған дейінгі Комиссариатта жасалынған көптеген жұмыстар халық жауы Жүргеновтің басшылығымен жоспарсыз, жүйесіз істелініп, мекеменің ішкі өміріне, оқу орындарына бақы- лау салғырт жүргізілді» деп, көп жылдар бойы Жүргеновтің басшылығымен атқарылған жұ- мыстарды жокқа шығарып, екі күн ішінде «жоғарыдан берілген тапсырмалардағы қаса- қана жасалынған кемшіліктерді анықтауды» тапсырды. Бұл кеңестік жүйенің Қазақстанда білім мен мәдениет жүйесін көтеріп, жана ден-

гейге жеткізген Т.Жүргеновке айтқан «рахметі» болды.

Қамауға алынардан 4 күн бұрын Т.Жүрге- нов, Ғ.Мүсірепов, Исаев, төраға Нұрпейісов, тағы бірқатар Қазақстан КП (б) Орталық Ко- митетінің мүшелері «кітапханалардағы, дү-

кендердегі және оқу орындарындағы контрре- волюциялық кітаптардың тізімін жасап бекітуге ұсынатын комиссия» құрамына кіргізілді [Қа- зақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 54-п].

Қазір Қазақстан энциклопедиясы барлық казакстандықтар үшін өз елінің тарихы, жетістігі жинақталған жақсы анықтамалық кі- тап болып табылады. Осы орайда Қазақстанда «Қазақ энциклопедиясын» дайындау тура- лы Қазақстан өлкелік БКП (б) комитетінің бюросының шешімімен жасақталған бірінші топта Нұрпейісов, Исаев, Кабулов, Васюткин және Жүргенов болғанын атап өтуіміз керек [Қазақстан Республикасы Президенті Мұра- ғаты., 141-қор, 1-тізбе, 6606-іс. 324-п]. Бұған қоса, сауаты аздарға арналған журналдың редколлегиясының мүшесі болған және «Ли-

тературный Казахстан» газетінің редакциялық алқасында болған [Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты., 708-қор, 1-тізбе, 42-іс. 179-п].

Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметі әлі де өзінің зерттеушісін күтіп отыр. Бұлай ай- туымның бір ғана мысалы, биыл Тәжікстанның Душанбедегі мемлекеттік мұрағатында жұ- мыс істеген әріптестеріміз У.С.Ибраев және Б.Б.Еңсепов Жүргеновтің еңбек жолының бұ- рын ешкім білмеген жаңа бетін – ағамыздың Тәжікстанның Статистика басқармасының бас- тығы болғанын анықтап, Тәжікстанда қаржы жүйесінің дамуына байланысты Т.Жүргенов- тің жүргізген үлкен жұмысын айқындайтын көптеген жаңа құжаттар әкелді. Бұл мақалада Темірбек Жүргеновтің өмірінің жаңа беттері ашылды. Өкінішке орай, мұндай ақтандақ беттер әлі көп. Алдағы уақытта Егемен еліміздің зерттеуші-ғалымдары Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметінің беттерін толықтырады деген үміттемін.

Айтжан ОРАЗБАҚОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
Мемлекеттік университеті «Қорқыттану
және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу
институты директорының орынбасары,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Әлем тарихында алғаш рет дүниені дүр сілкіндіріп 1418 күнге созылған сұрапыл соғыс миллиондаған жазықсыз жандарға ажал құштырды. Қаншама жас қыршынынан қиылды, қаншама жан аңырап қалды. Жарықтық Жер-Ана Қасиреттен қабырғасы сөгіліп, қан жылап теңселіп кетті. Омыртқасы бекімеген бозбала «Отан үшін!» деп қара тажалға қасқая қарсы ұмтылды. Сол ұрыс даласында ұрандаған ұлы адамдар әкелерге деген ұрпақ парызының шегі де, шектеуі де жоқ.

Иә, ештеңе де ұмытылмақ емес. 1945 жылдың сәуір. Шығыс Пруссия... Кенисберг үшін кескі-лескен қанды қырғынның қызған шағы. Әрбір сүйем жер үшін жан-таласа соғысқан жау бар күшін сарқа пайдалануда. Балтық теңізі жағасындағы Гранс қаласын алу үшінші Беларусь майданының қол-басшысы, армия генералы Иван Черняковскийге сын болып тұр. Өйткені, теңіз жағасына орна-ласқан ертегідегідей әсем қаланы қоршалай жыбырлатып миналап тастаған дұшпандар, қаншама әскер мен техникаларға тажал боп төніп, ажал аранын ашып тұр. Тұйыққа тірелген қолбасшы әскербасыларын жиып ап, тәжірибелі, білікті сапер-ларды іріктеп, маңызды іске жұ-мылдыруға бұйрық берді. Жаңа ғана кезекті тапсырмадан оралып, көшпелі әскери асхана ботқасын алдына ала берген жауынгерлерге: «бөлімше командирі Жұмағұлов шұғыл штабқа жетсін», – деген хабар түсті. Сержант дәрежесіндегі бойшаң, қапсағай денелі аққұба өнді жігіт қолындағы солдат қоте-легін қоя салып, лып етіп тұрып, штабқа беттеді.

– Тапсырмадан келген бойла-рың екенін біліп отырмын. Бірақ саперлар взводы ішіндегі өзін бас-қаратын бөлімшеге жүктелетін аса маңызды іс бар. Мына Гранс қа-ласының күншығысындағы көпір мен тас жол құжынаған минаға толы. Соған киілігіп тұрған біздің танкілер мен жаяу әскерлерге тез арада жол ашу керек. Жігіттеріңді жігерлендеріп, қас қарая іске кі-ріс. Есінде болсын, бұл майдан қолбасшысының бұйрығы, – деген батальон командирі Орловтың үні қатал да кесімді шықты.

– Құп болады, жолдас капитан!

Мына алдындағы сымдай сі-рескен қазақ сержантының талай бұйрықты тап-тұйнақтай орындап келгеніне куә командир: «жолдарың болсын», – деді түсін жылытып.

Түнімен мина тазартуда жүріп, таң ата сілелеп оралған жауынгерлер штабтан оралған командирлері Садыққа сұраулы көз тастады.

– Бұйрық маңызды. Сәл ты-нығып, құрал-жабдықтарыңды мұ-қият дайындандар. Қас қарая жолға шығамыз деп қысқа қайырған Садық әлдеқашан суып қалған ботқаны алдына алып, ойланып қалыпты. Асқа зауқы жоқ. Көңілі әлденеге алаңдап, отырған жерлеріне шинел-дерін төсеніп мызғып кеткен қару-лас достарына қарағыштап қояды. Әскерилер арасында «Сапер бір-ақ рет қателеседі» деген қағида бар. Сайдың тасындай тәжірибелі жігіттер талай қатерлі сәттерді

лім, екі-үш баланың әкесі атанғанда, осы институттың студенті болды. Бір күні институт ішінде математика факультетінің студенттері деканат алдында тұрған. Кенет бір студент “ректор келе жатыр” деп сыбыр ете қалды. Толқынды шашын кері қайырған қара торы өнді келбетті кісі бұлардың жанынан өтіп бара жатып «қалайсындар қарақтарым, жай-күйлерің болып тұр ма?», – деді ізетпен. Бірыңғай бозбалалар ішінде ерекшеленіп тұрған бойшаң денелі сақа жігіт Садыққа арнаулы көз тастап, шырағым сен де сту-дентпісің? – деді.

– Биыл түстім, – деді Садық ыңғайсызданып.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

бастан өткізіп келеді. Айтпақшы, соғыста жүрген ағаларым Дәрібала, Сарбала ауылдан бірге аттанған Ізет, Найзабек, Самұрат. Жұмахмет, Сәду, Сағи, Нағи, Қайберендер қайда екен? Аман болса екен бәрі де. Күні кеше, отжүректі ақын, казак жауынгері, сапер Баубек Бұлқышевтің миына түсіп опат болғанын майдан газетінен оқы-ған екен-ау. Мына өрімдей жау-ынгерлер тағдыры не болады? Құс ұйқылы Садық қалғып кеткен екен. Тұла бойын тез тәртіпке келтіріп, кезекті тапсырмаға дайындықты бастады. Күн ұясына қона олар межелі орынға келіп іске кірісті. Жер астына жасырынған темір та-жалды іздейтін жолдағы аспан, белдегі ток көзі, құлақтағы ды-быс ұстағыштың сәл ақауының өзі сапер үшін ажал әкеледі. Ми-наны іздеу кезіндегі сәл артық кимыл да қатерге ұрындырады. Кинофильмдердегідей қаннен-ка-персіз талтайып тұрып мина іздеу – а-н-а-у тасада әрбір қимылдыңды аңдып отырған жау снайперінің бір оғының олжасы. Сол үшін де сапарға батылдылықпен қоса ептілік, сактық қажет. Немістер көпір маңының әрбір қадамын ая-май миына толтырып кетіпті. Көл жарығын көлегей түсіріп әрбір минаны залалсыздандыру кня-меттің қайымы. Сұсты сымдар-ды қышқышпен сатылап ажырату сапер үшін өмір мен өлім шека-расы. Таңғы төртке таман көпір маңы толығымен минадан тазар-тылды. Осыны күтіп тұрған біз-дің әскерлер қаннен-каперсіз ұй-ықтап жатқан неміс полкінің тө-бесінен түсті. Шыбын жандарын шүберекке түйіп, аса құнды тап-сырманы мүлтіксіз орындаған ержүрек саперлар сол жолы тү-гелімен «Кенисбергті алғаны үшін» медалімен наградталды.

...1953 жыл. Абай атындағы қа-зақ педагогикалық институты. 1946 жыл соғыстан оралып Ақшатау, Райым, Қамбаш ауылдарында мұға-



– Ағай, ағай, Садық ағамыз оқу озаты, өзі соғысқа қатысқан май-дангер, біздің факультеттің ста-ростасы, біріміздің камкорымызды соғып жүреді, – деп курстастары жарыса жамырап жатыр.

– Бәрекелді, бәрекелді. Өзің бері жүрші жігітім, – деп ректор оны қолтықтап кабинетіне алып кірді. Екеуі майдан өмірі туралы ұзақ сөйлесті. Жатақханада орын болмаған соң пәтер жалдап тұ-рып жатқан Садыққа бас есепшіні шақыртып алып ай сайын пә-теракыны төлеп тұратын болды. Бұл казак педагогикалық инс-титутының сол кездегі ректоры, Ке-ңес Одағының батыры Мәлік Ғаб-дуллин еді.

...Арал ауданындағы тарихи орны бар елді мекендердің бірі Бөген, Дүние жүзіне теңіздің бекі-ресі және ақ қазымен танымал ау-ылда аудан көлемінде жоқ қос қа-батты типтік жобадағы мектеп үйі алыстан «мен мұңдалайды». Міне, сол көпұлтты іргелі елді мекендегі мектепте табаны күркетей жиырма алты жыл директор болған Садық Жұмағұлов есімі облыс көлеміне танымал болған. Білікті де іскер

басшы мектептің материалдық оқу базасын нығайтты. Сонау бір жылдары алғаш рет ЭВМ жүй-есі осы мектепте тәжірибеге ен-ді. «Проблема койып оқыту– өмір тәжірибесі», «Оқу-тәрбие процесін оңтайландыру», «Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман» сияқты озық іс-тәжірибені насихаттайтын пла-каттар облыс мектептеріне таралып жатты. Аты аңызға айналған білім ордасында сол бір жылдары ұс-танымы ұрпағына ұлағатты ұстаз-дар Жалғас, Айнадин, Әби, Ыс-как, Тілеужан, Қапи, Сейділді, Тастыбайлар зәулім мектептің заңғар тіреулеріндей болып жүр-се, Мәриямқұл, Ырысалды, Әну-

– Алтыншыдан бастап аудан, облыс, бертін келе республикалық басылымдарда көрініп жүрген ма-ған мектеп дирекциясының се-нім артып жолдама беретініне бір жағынан тосылып та тұрмын. Қос жанарынан айырылған зағип әкем-нің жайы қатты алаңдатып, хирург боламын деп тас-түйін бекінгенімді қайдан білсін.

– Мақсымның баласы-ау, сенен үлкен жазушы шығады деп жүрсең. Жә, дәрігер-жазушылар да бар ғой, талабың оң болсын, қарағым, – деп арқамнан қаққаны есімде.

Мейірім демекші, сол бір жыл-дары жоқ-жұқалтаң отбасының балаларына мектеп ұжымы су жа-на киім бөлетін. Ауылдағы сель-магтан алынған қоңыр пальтоны мектеп ұжымы маған беріп жат-қанда есейіп қалғаным ба, алмай-мын, – деп безірлендегім бар. Сонда Садық ағай биязы үнмен: «Бұл саған мемлекеттің берген қа-рызы. Ертен өзін еліңе қызмет көрсетіп, қарымын қайтарасың» дегенде сабама түскендей болғам. Ұстаз бойындағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі педагогикалық, пси-хологиялық шеберлікті бертін келе байқағамын.

«Адам бойындағы ең тамаша қасиет – білім мен ақыл», – деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы елу үш жыл бойы жас ұрпаққа дәріс берген Садық ағай мен елу жыл бойы тынбастан ауданның танымал педагогы атанған зайыбы Төлеген Иманалина апамыздың ұрпағы жайқалған бәйтерек іспеттес. Тұң-ғыштары Нағымет бокстан спорт ше-бері, Темірханы – инженер, Мәлік, Мұрат, Ербол, Еркіндері елінің елеулі азаматтары. Ондаған немере-шеберелері аталап, әкелеп қойы-қоныштарына кіріп-кіріп кеткенде: «Иә, Алла бергеніне шүкір», – деген тәубелерінен жаңылмады. Үйіндегі қымбат қазынасы ұлы ақын-жа-зушылар-ойшыл-ғұламалардың үш мыңға жуық құнды кітаптары болатын. Алқа топта көп тыңдап, қысқа да нұсқа сөйлейтін ол қай кез-де де парасатымен пайымдап, қара кылды қас жарып әділдігін айтып отыратын.

Өнегелі жандардың өмірі өш-пейді. Бүгінде ағамыз бен апам-ыздың ұрпағы әулеттің даңқты дәстүрлерін жалғастырып келеді. Майдангер, ұлағатты ұстаз Садық Жұмағұловтың елге сіңірген еңбегін ескеріп, Арал қаласынан бір көшеге есімін беру өнегелі де тағылымды іс болар еді.

Бар саналы да сәулелі ғұмырын кеудесін оққа тосып ұрпағын қор-ғап, одан жарты ғасырдан астам тағы да сол ұрпағын ұлағаттаған Садық әкемізге қандай құрмет те лайық.

Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Құрбысы көп те теңі жоқ қайталанбас Құттыбаймен мен бала кезден таныс болатынымын. Біздің таныстығымызға оның “Торы” деген әңгімесі себепші болған еді. Бертін келе қаламдас та болдық, тоқырау кезінде тұрмыс тауқыметін тартқан тағдырлас та болдық. Атам қазақ “Адам адамды бірге жүргенде таниды екен” деп бекер айтпаған ғой. Бірге жүріп түз-дәмдес болғанда Құттыбайдың өзгелерден оқ бойы оза шауып жүрген жүрісінің күесі болдым.

ҚАЛАМЫ СЕМСЕР СЕРКЕ ЕДІ

Құтекен “Қайнаған жарар пайдаға” демекші, қаламының ұшталып, семсерленуіне септігін де тигізді. Мақтаныш тұттым, бірақ сол мақтауды оған айтқан емеспін, өйткені Құтекен мақтау мен марапаттауды жек көретін. Кемшіліктері де болмаған емес. Айтсаң, дұрыс қабылдайтын. Солай... солай шат-шадыман жүргенде жазмыштан озмыш жоқ екен, Құтекен мәңгілік сапарға мезгілсіз кете барды.

... Ескі көздер бара жатыр азайып, Олар жайлы ойламаудың өзі айып. Ей, тірілер! Соларды бір еске алып, Тебіренейік, толғанайық, жазайық, – деген марқұм Мұқағалидың тапсырысына тау етіп, артында өшпейтұғын із, өлмейтұғын сөз қалдырған Құтекен жайлы жазбақ үшін қолыма қалам алдым.

... Кезіндегі Құттыбаймен ашық-жарқын әңгіме үстінде оның соқпақты да тоқпақты өмір жолымен етене танысқанмын. Жалағаштың “Таң” деп аталатын шағын ауылында өмір есігін ашқан ол ерте есейеді. Өйткені, әкесі Сыдық Отан соғысында бір аяғын беріп, екіншісі ағаш аяқпен елге аман-есен оралады. Тастай сұп-суық әке тізесіне отырған балаң жігіт болашағы бұлыңғыр болатын. Содан да ол еңбекке буыны бекіп, бұғанасы қатаймай тұрып-ақ бел буа, білек түре кіріскен. Қара домалақ бала ауылдағы тұрғын үйлеріне пеш салған, ағаштан бұйым жасап, темірлерді иіп, түйін түйген.

– Өмір жолымның, – дейтін Құтекен, – “мехнаты” мол болды. Бала кезден тіршілікке қоян-қолтық араласқан жанның бірі менмін. Әкем сиыр бақса сиыр бақтым, қой бақса қой бақтым. Есепші кезінде сүйтін есептесуге көмектесіп, Елтай ауылынан Жалағашқа арбамен тасып тұратынмын. Сонда бар-жоғы төртінші класта оқимын. Талай рет арбамыз аударылып, болмаса атымыз тулап, аунап түсіп жер жастана жылаған күндеріміз әлі есімізде. Мені ерте есейткен отбасымызға түскен ауыртпалық болатын.

Өмір ауыртпалығын арқалаған Құттыбай ерте есейіп, Жалағаш ауданын айнала жүріп, үзіп-жұлып мектеп бітіреді. Одан әрі кәсіптік-техникалық училищенен elektrik мамандығын алып, осы салада монтер, бертін келе бригадир болады. Азамат қатарына қадам басқан ол тағы бір тіршіліктің етегіне жармасады. Ол қаламгерлік болатын.

Кезінде Құтекен “Сіз жұмыс істемеген сала жоқ екен. Десе де, қолыңызға ұшқыр қаламды қалай ұстадыңыз?” деген сауал тастағаным бар. Сонда Құтекен:

– Көп қаламгерлер тәрізді мектепте жүргенде өлең жазатынымын. Бірақ менің өлеңдерім анау айтарлықтай мықты болмаған соң тастадым да қара сөзге ден қойдым. Бір қызық оқиға айттайын. “Таң” ауылында elektrik болып жүргенде өзімше бір талпыныс жасап, анау-мынау әңгіме емес, повесть жазғаным бар. Жазбамды ақын аға Асқар Тоқмағамбетов мақтап, дереу “Жұлдыз” журналына сәт сапар тілеп жі-

берсін. Ай сайынғы “Жұлдыз” журналын парақтаймын. Ақыры жарық көрмеді. Кейінірек сол жазған дүниемді қайта оқып отырып, оның жарық көруге қакысы жоқ екендігіне көз жеткіздім.

Тағы бір оқиға айттайын. “Таң” совхозында комсомол комитетінің хатшысымын. Баяғы партия комитетінің қол баласымыз. Маған партияның анда-мұнда жұмсап отыратын қарекеті ұнаған жоқ. Бір күні қолыма қалам алдым да “Біз баламыз ба?” деген материалды көсілте жазайын. Оны кезіндегі аудандық газет бір бет



Әкім тапсырма берді екен, орындамасқа лаж жоқ. Десе де, бойымды ағалы-інілі сыйлас, қаламдас Құтекеннің ренішіне ұшырармын-ау деген қорқыныш та биледі. Сонымен “Заң” газетіне “Жазылған жайдың жаңғырығы” айдарымен әкім материалы “бұрқ” ете шықпасы бар ма?! Ертеңіне ат терлетіп ауданға Құтекен келді. Отты көзінен оқ ата қарайтын Құтекеннен қайтығып мен отырмын. Жо...жоқ жылы ғана жымия қараған ол:

– Білем, білем, сендер әкімнің айтқанынан шыға алмайсыңдар. Қатын-баланы да асырау керек қой. Ренжімеймін. Бірақ басымды тасқа ұрамын, тағы жазамын, – деген-ді.

Ұзын сөздің қысқасы, Құтекен қайта жазуды қойдырып, аудан әкімімен мәмілеге келтіргенім бар.

Сөз орайы келгенде айттайын, журналистің де журналисі болады. Олар мінезімен де, болмаса жазбасымен де бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Біреулер қалталыларды мақтап жазуды мұрат етсе, енді біреулері тура жолдан бұра тартпай, сын материал жазғанды қалайды. “Айтылған сөз – атылған оқ” демекші, сынның да сұрауы бар. Менің білетінім, Құтекенді базбіреулер сотқа да сүйреген. Бірақ, ақ жолдан адаспай жүретін Құтекеннің ұнжырғасы түсіп, жүні жығылған емес, яғни, жеңілген емес.

Құттыбай журналист қана емес, дарабоз жазушы болатын. Менің бұл тоқтамымды біреулер мойындап, ал біреулер мойындамас. Оның баспадан шыққан “Белгі”, “Табиғат трагедиясы”, “Қилы-қилы тағдырлар”, “Боскындар”, “Сарын” атты кітаптарының аттары да айқайлап тұрған жоқ па?! Сондай-ақ, оның бір томдық шығармалар жинағы “Сырдария кітапханасы” томдығының құрамынан да ойып тұрып орын алды. Менің тоқтамыма сенбесеңіздер, жоғарыда аттары аталған Құтекен кітаптарын жата-жастана оқып көріңіздер. Құттыбай Сыдық Қазақстан журналистері ішіндегі қайталанбас тұлға болатын. Туралығы кім-кімге де ұқсамайтын, тура жолмен адаспай ғұмыр кешкен.

... Сол бір қаралы күн бүгінге дейін көз алдымда көлбендеумен тұр. Ұмытпасам, тамыз айының тамылжыған соңғы күндері болатын. Мен ол кезде Арал қаласында тұратынмын. Таң білінер-білінбесте сыртқы есік тықылсы естілді. Ашсам, Құтекен. Құшақтаса амандасып, үйге кірдік. Амандық-саулықтан соң:

– Ереке, шаршап-шалдығып жүріп 60 жастың асқар тауына да шыққалы отырмын. Шынымды айттайын, адалдықтың, әділдіктің ізін қуамын деп шаршаған да сынайым бар. Адам баласы болған соң қажисың ғой. Кезінде өзіме дәріс берген ұстаздарым, ауылдағы адал азаматтар, қаламдас достарымның басын қосып, торқалы той жасамақпын. Күндердің күнінде бұл жалғанмен де қош айтысамыз ғой, – деген Құтекен тойының 5-6 шақыру билетін табыс етті.

Сол күні Құтекенді Қазалыға шығарып салғаным бар. Марқұм Құтекен 60 жылдық тойына шақыру қағазын таратып жүргенін біреулер білсе, біреулер білмес. Иә. Осы кездесуден соң тойға емес, қабырғанды қайыстырар қазаға байланысты қаралы хабар келіп жетті. Біз де жеттік.

Құттыбаймен қоштасу қаралы жиынына иін тіресе жиналған жұртшылықтан көз сүрінеді. Сонда алғашқы сөз алған ел ағасы Сейілбек Шаухаманов Құтекеннің болмысын боямасыз баяндай келе: “Әділдік жолында әкесін тындамауға бар, ақ жүрек, қайсар, күрескер айтулы азамат еді” деген баға берген-ді. Құтекенге мұнан артық баға беру әсте мүмкін емес.

Шүкір ғой, бүгінде Құтекеннің қара шаңырағы қаймақсыз емес, ұлдары ұяға, қыздары қияға қонған. Ұлы Мұрат әке аманатын арқалап, ат арқасына мініп те алған. Ақ дастарханы тұрақты жаңолы тұратын Қуанышкүл жемгеміздің де ұл-қыздарының қызығына кенеліп отырған жайы бар.

Еркін ӘБІЛ.

● СЕМИНАР

КОДЕКСТЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР СӨЗ БОЛДЫ

Облыстық ішкі істер департаментінде өткен семинарда Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер талқыланды. Семинар-кеңеске облыстық құқық қорғау органдары, прокуратура, сот жүйесі, сараптама орталығының қызметкерлері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Семинарды сөз сөйлеп ашқан департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Нұрлан Анарбаев аталған кодекстерге енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың маңызына тоқтала келіп, күн тәртібімен таныстырып өтті.

Бұдан соң мінберге көтерілген Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті “Құқықтану” кафедрасының аға оқытушысы Максұт Қошманов кодекстерге өзгерістер енгізілуіне орай құқық қорғау саласында еліміздің халықаралық стандартқа жауап беру мәселесін сөз етсе, облыстық прокуратура басқармасының аға прокуроры Оңдасын Көмекбаев қылмыстық-процестік кодекстің 30-тарауында қаралған жасырын тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру іс-шараларының жүргізілу тәртібі және сотқа

дейінгі тергеп-жүргізу кезінде “Жедел іздестіру қызметі туралы” ҚР Заңын қолдануға тыйым салған өзгеріс жайлы баяндап берді.

Сондай-ақ жаңадан редакцияланған кодекстердің сот жүйесінде алатын орны жайлы облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы судьясы, заң ғылымдарының кандидаты Аманкелді Қожаниязов, қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстердің енгізілуіне орай құқық қорғау органдары мен сот жүйесі арасында пайдаланылатын процестік жаңа қатынастар турасында Қызылорда қалалық №2 соты төрағасының міндетін атқарушы Абдуллажан Сайдуллаев, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары және оны жүргізу кезінде прокуратура органның, оның ішінде процесс прокурорының өкілеттігі жайлы қала прокурорының аға көмекшісі Жан-дос Жүсіпов баяндама жасады.

Түскі үзілістен кейін жаңадан редакцияланған кодекстерде сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілеттіктері жайлы облыс бойынша сот-сараптама институты мамандары мен “Тұтынушылардың құқығын қорғау” қоғамдық бірлестігі өкілдерінің баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

Судьялар ант қабылдады

Облыстық соттың жалпы отырысында жаңадан тағайындалған судьялар ант қабылдады.

Облыстық соттың баспасөз хатшысы Ардақ Смағанбетованың хабарлағанындай, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен Қызылорда қалалық сотына Зәбира Абылайқызы мен Меруерт Тоғызбаева, Арал аудандық сотына Данияр Мұратбекұлы, Жаңақорған аудандық сотына Бақытбек Елшібеков, Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотына Алуа Байболатова мен Сәуле Өтегенова, Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына Қайратбек Біржанов жаңадан тағайындалды.

Облыстық сот төрағасы Нұрлан Қайырбеков оларға алдағы қызметтерінде сәттілік тіледі.

Бақтыбай СМАЙЫЛУЛЫ.

ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП – ТӘРБИЕ ОШАҒЫ

Елбасының Жарлығымен қыркүйектің екінші аптасы Отбасы күні болып белгіленгені аян. Осыған орай Жаңақорған ауданындағы №86 орта мектепте апталық іс-шара жасалынып, соның аясында «Отбасы мен мектеп – тәрбие ошағы» тақырыбында ата-аналар мен мұғалімдер қатысқан басқосу болып өтті. Оған Шалқия кенті әкімшілігінен, ауылдағы ақсақалдар алқасынан, мешіттен өкілдер қатысты. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Бижікеев өткен жылғы тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасап, алдағы міндеттерге тоқталды.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алудағы мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың ролі мен маңызы ерекше. Жастар мен жасөспірімдер тәрбиесіне негізінен балаларға түнгі мезгілде отбасынан қадағалаудың аз болатыны, кей ата-ананың өз баласына сөзін өткізе алмауы, жасөспірімдердің шеттен келген әдепсіз, ұлтқа жат қылықты фильмдерді, ин-

тернет ақпараттарын еркін пайдалануы секілді фактор әсер етеді. «Мың жылдығыңды ойласаң, ұрпақ тәрбиеле» деген ұлағатты даналық жасөспірімдерді алдағы уақытта бірігіп тәрбиелеуді көздейді. Ата-аналар кенесінің төрайымы А.Әшімова кенесінің атқарған жұмыстарын айта келіп, бала тәрбиесі жайлы өз пікірін білдірді. Кент әкімшілігінен келген бас маман Р.Шайхаттарова барлық отбасын мерекемен құттықтап, ұрпақ тәрбиесі ортақ міндет екенін жеткізді. Ал учаскелік инспектор, полиция аға лейтенанты Б.Әбжанов ата-ана жауапкершілігін саралай келіп, мектеп мұғалімдері мен кенттегі «Әкелер одағының» атқарған жұмыстарына тоқталды. Жиналысқа қатысқан өзге ата-аналар мен мұғалімдер де бала тәрбиесі жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Апталық барысында барлық сыныптарда «Отбасы және мектеп» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Олардың соңы спорттық, мәдени-көпшілік іс-шараларға ұласты.

Г.РЕЙМБЕРГЕН,

Жанақорған ауданы. «Мағжан», «Заңғар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп 17, жау 60, қырыққабат – 70, сәбіз – 90, жұмыртқа 70 теңге, I сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, сондай-ақ «Нұр» базарында еттің бағасы 1100 теңгеден сатылуда.



ДҮЙСЕНБІ 22 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңиолпан 10.00 Дауа 10.35 Арнайы репортаж 10.55 Айтуға оңай... 11.40 «Құбылай хан» 12.30 Жаңалықтар 12.45 Апта кз. 13.50 Аксауыт 14.25 «Жүзден жүйрік» 14.50 Джунгли кітабы 15.05 Әйел бақыты 16.10 Келін 17.00 «Менің Қазақстаным». 17.30 Жаңалықтар 17.50 Өзежкарды 18.05 «Шын жүректен» Реалити шоу 18.50 Заң және біз 19.30 «Құбылай хан» 20.30 Жаңалықтар 21.05. «Айтуға оңай...» 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев 00.00 Жаңалықтар 00.35 Өзежкарды 00.50 Арнайы репортаж 1.15 Шарайна 1.50 Дауа.

ХАБАР

7.05 Айтұмар 8.00 Жаңа күн 10.00 Жеті күн 11.00 Жеті күн 12.00 Сулейман Великолепный 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.50, 00.20, 01.25 Жаңалықтар 13.15 Страх в твоём доме 14.05 Женский доктор 15.15, 00.50 Әр үйдің сыры басқа 15.50 Бак мекенім, Астанам 16.20 Ұлы дала әуені 16.55 Подари детям жизнь... 17.20. Көзқарас 17.50 Бизнес сыры. 18.15 «Әселдің құрбы-құрдастары» 18.50 ТВ Бинго 20.30 Соқыр сенім 21.30 Сулейман Великолепный 22.30 Нүкте.

КТК

6.05 «Аленка» 7.30, 04.15 «На грани возможного» 8.05 Япыр-ай 9.00 Дорога домой 9.10 «Дом без выхода». 13.00 Другая правда 14.00 Портрет недели 15.10 Слуги народа 16.00 «Звездная жизнь» 17.00 «Махаббат мұңы» 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 «Алаң болма, жаным!» 21.00 Новости 21.30 «Главная редакция» 22.15 «Женщины на грани» 00.05 «Морские дьяволы. Смерч» 1.55 Рейдер 2.05 «Алаң болма, жаным!» 3.00 Жаңалықтар.

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Туған елдің түтіні» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 Петро-

вич 12.05 Модный приговор 13.15 «Х фактор» 13.25 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.45 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Одинокий волк» 21.00 Новости 21.40 «Ветреная женщина» 22.50 «Х фактор» 23.00 Пусть говорят 00.15 «Обнимая небо» 2.30 «Участковый». 3.15 «Туған елдің түтіні».

АСТАНА

7.00 «Өндер мен жылдар» ән кеші 8.40 Казнет 9.00 «Жүз жылдық мұра» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Жүз жылдық мұра» 10.30 Незабыаемый 11.30 М.ф. 11.45 Әзілстан 12.00 Қыз ғұмыры 13.00 Жаңалықтар 13.10 «20:30» 14.00 Новости 14.10 «Широка река» 15.05 Громкое дело 15.30 «Жүз жылдық мұра» 16.45 «20:30» 17.30, 22.50 Ұмытылмас 18.30 «Қыз ғұмыры» 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Широка река» 22.00 «Открытая студия» 23.50 Жаңалықтар 00.20 Новости 00.50 Еріксіз неке.

СЕЙСЕНБІ 23 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңиолпан 10.00. «Қара шаңырақ». 10.55 Айтуға оңай... 11.40 «Құбылай хан» 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 03.00. Жаңалықтар 12.45 Спорт 13.10 Алаң 14.00 Жанында жүр жақсы адам 14.30 «Жүзден жүйрік» 14.55 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 «Келін» 17.00 Жарқын бейне 17.50 Ас болсын! 18.35 Сыр-сұхбат 19.10 «Жан жылуы» 19.30 «Құбылай хан» 21.05 «Айтуға оңай...» 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 02.25 Түнгі студияда Н.Қоянбаев. 00.35 «Жанында жүр жақсы адам» 1.10 Ас болсын! 1.55 Жарқын бейне.

ХАБАР

7.05 Айтұмар 8.00 Жаңа күн 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.30, 00.00, 1.05. Жаңалықтар. 10.10 Нүкте. 11.15 «Дело вкуса» с Т.Веденевой 11.45 «Сулейман Великолепный» 12.40 «Бизнес сыры» 13.15. «Страх в твоём доме» 14.05 «Женский доктор» 15.15, 00.30. Әр үйдің сыры басқа 15.50 «Бак мекенім, Астана» 16.20 «Ұлы дала әуені» 16.30 М.с. 16.55. Подари детям жизнь... 17.15. Көзқарас 17.45 «100 бизнес-историй» 18.20 «Әселдің құрбы-құрдастары» 19.00 «Жансарай» 20.30 «Перекресток в Астане» 21.30 Сулейман Великолепный 22.30 Арнайы Хабар 23.00 Көзқарас.

КТК

6.05 «Парижане» 7.45 Япыр-ай 8.35 Жаңалықтар 9.05 «Давай поженимся» 10.10 «Земский доктор. Продолжение» 12.00 Новости 12.35 Главная редакция 13.20 Рейдер 13.30 Не ври мне 14.30 «Верное средство» 15.30 «Однолюбь» 16.45 «Астарлы акикат»

17.25 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 «Алаң болма, жаным!» 21.00 Новости. 21.30 «Диагноз» 22.10 «Женщины на грани» 00.00 «Морские дьяволы. Смерч» 01.50 Рейдер 2.00 «Алаң болма, жаным!» 3.00 Жаңалықтар 3.25 Япыр-ай.

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Туған елдің түтіні» 6.50 Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 11.00 Петрович 12.05 Модный приговор 13.15 «Х фактор» 13.25 «Наедине со всеми» 14.30 «Дикий 3» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.45 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Одинокий волк» 21.00 Новости 21.40 «Ветреная женщина» 22.50 «Х фактор» 23.00 Пусть говорят 00.15 «Обнимая небо» 2.30 «Участковый». 3.15 «Туған елдің түтіні».

АСТАНА

7.00 Новости 7.30 Жаңалықтар 8.00 М.ф. 8.10 М.ф. 8.20 М.ф. 8.30 М.ф. 8.40 Казнет 9.00 «Жүз жылдық мұра» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Жүз жылдық мұра» 10.30. «Незабыаемый» 11.30, 18.30 Қыз ғұмыры 13.00 Жаңалықтар 13.10 «Открытая студия» 14.00 Новости 14.10 «Широка река» 15.05 «Кто в доме хозяин?» 15.30 «Жүз жылдық мұра» 16.40 «Вопреки всему» 17.30, 22.50 Ұмытылмас 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Широка река» 22.00 «Вопреки всему» Т.с. 23.50 Сырласу 00.35 Жаңалықтар 1.05 Новости 01.35 «Еріксіз неке».

СӨРСЕНБІ 24 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

7.00. Таңиолпан 10.00. «Қара шаңырақ». 11.00 Айтуға оңай... 11.45 «Құбылай хан» 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 3.00 Жаңалықтар 12.45. «Тағдыр» 13.00 Сәнді баспана 13.20 Заң және біз 14.00 «Жанында жүр жақсы адам» 14.35 Жүзден жүйрік 14.55 М.ф. 15.05 Әйел бақыты 16.10 Келін 17.00 Шетелдегі казак балалары 17.50 Өзежкарды 18.10 Енбек түбі - береке 18.15 Ғасылар үні 19.05 Қылмыс пен жаза 19.30. «Құбылай хан» 21.05. Айтуға оңай... 21.50 «Қара шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 2.30 Түнгі студияда Н.Қоянбаев 00.35 Өзежкарды 00.50 Жанында жүр жақсы адам 1.20 Сыр-сұхбат 1.55 Шетелдегі казак балалары.

ХАБАР

7.05 Айтұмар 8.00 Жаңа күн 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.30, 00.00, 1.00. Жаңалықтар. 10.10 Жансарай 11.15 «Дело вкуса» с Т.Веденевой 11.45 «Сулеймен Великолепный» 12.40 «Продвопрос» 13.15. «Страх в твоём доме» 14.05 «Женский доктор» 15.15, 00.30. Әр үйдің сыры басқа 15.50 «Бак мекенім, Астана» 16.30 М.ф.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды караудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, №-212 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына

байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте акредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табымайтын, бос лауазымның функционалды бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-Р-4 санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

шаңырақ» 22.40 Келін 23.30, 2.25 Түнгі студида Н.Қоянбаев 00.35 Қылмыс пен жаза. 1.00 Жанында жүр жақсы адам 1.30 Поэзия әлемі 1.55 Мың түрлі мамандық.

ХАБАР

7.05 Айтұмар 8.00 Жаңа күн 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.50, 00.20, 1.25. Жаңалықтар. 10.10 Көзқорген 11.10 «Дело вкуса» с Т.Веденевой 11.45 «Сулейман Великолепный» 12.40 «Ұлы дала әуендері» 13.15. «Страх в твоём доме» 14.05 «Женский доктор» 15.15, 00.50. Әр үйдің сыры басқа 15.50 «Бак мекенім, Астана» 16.30 М.ф. 16.55. Подари детям жизнь... 17.20. Көзқарас 17.50 «Ұлы дала әуендері» 18.20 «Әселдің құрбы-құрдастары» 19.10 «Тарих тағылымдары» 20.30 «Перекресток в Астане» 21.30 Сулейман Великолепный 22.30 «Под прищелом» 23.20 Көзқарас.

КТК

6.05 «Парижане» 7.45 Япыр-ай 8.35 Жаңалықтар 9.05 «Давай поженимся» 10.10 «Земский доктор. Продолжение» 12.00 Новости 12.35 Черный квадрат 13.15 Рейдер 13.25 Не ври мне 14.25 «Верное средство» 15.25 «Однолюбь» 16.35 «Мессаған» 17.00 Махаббат мұны 18.00 «Мұздан суық, оттан ыстық» 19.00 Жаңалықтар 19.25 Рейдер 19.40 «Алаң болма, жаным!» 21.00 Новости. 21.30 «Наша правда» 22.45 «Женщины на грани» 00.40 «Морские дьяволы. Смерч» 02.25 Рейдер 2.35 «Алаң болма, жаным!» 3.25 Жаңалықтар 3.50 Япыр-ай 4.40 Деректі хикая

ЕУРАЗИЯ бірінші арнасы

6.00. «Айналайын» 7.00 Доброе утро 11.00 Петрович 12.05 Модный приговор 13.15 «Х фактор» 13.25 «Наедине со всеми» 14.30 «Чужой район» 15.30 «112» 15.45 Судебные истории 16.45 Давай поженимся 18.00 Жаңалықтар 18.55 Сүйген жар 19.50 «Одинокий волк» 21.00 Новости 21.40 «Ветреная женщина» 22.50 «Х фактор» 23.00 Пусть говорят 00.15 «Обнимая небо» 2.40 «Участковый». 3.30 «Айналайын».

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.40 Новости 8.10 Жаңалықтар 8.40 «Лица столицы» 9.00 «Жүз жылдық мұра» 10.00 Жаңалықтар 10.10 «Жүз жылдық мұра» 10.30. «Незабыаемый» 11.30, 18.30 Қыз ғұмыры 13.00 Жаңалықтар 13.10 Эксклюзивное интервью с Жомартом Ертаевым 13.35 «Біз біргеміз» 14.00 Новости 14.10 «Широка река» 15.05 «Кто в доме хозяин?» 15.30 «Жүз жылдық мұра» 16.40 «Вопреки всему» 17.30, 22.50 Ұмытылмас 20.00 Жаңалықтар 20.30 Новости 21.00 «Широка река» 22.00 «Вопреки всему» 23.50 Жаңалықтар 00.20 Новости 00.50 «Еріксіз неке».

Қызылорда қаласы бойынша 2014 жылдың 19 қыркүйегіне дейінгі бос жұмыс орындары тізімі				
	Мекеме атауы		саны	Мекеме мекен-жайы
1	«Қызылорда су жүйесі» МКК	газ-электрдәнекерлеуші	3	Желтоқсан 156, 23-00-42
		автокөлік жүргізушісі	3	
		Экскаватор машинисі	1	
		ЭО-33211А экскаватор машинисі	1	
2	«Теплотехникс-2» ЖШС	инженер жобалаушы	1	Бейбітшілік н/з Тел. 25-93-68, 40-03-79
		КИП и А жүйетехнигі	1	
		инженер-технолог	1	
		автокөлік жөндеу слесарі	1	
3	«Керемет Сауда» ЖШС	Жүк тиеуші	15	Шымбай № 107 22-42-10
		экспедитор	15	
		есепші	1	
		оператор	1	
		сатушы	2	
		қойма менгерушісі	1	
4	«Гелиос» ЖШС	КИП и А инженері	1	Желтоқсан н/з тел. 26-33-12
		өрт қауіпсіздігінің инструктор-технигі	1	
		мұнай базасына еден жуушы	1	
		АЗС операторы	1	
		АЗС кассир-операторы	1	
5	«Республика-лық ветеринар-лық зертхана»	химик-аналитик	1	Панфилов 80, 30-33-86
6	«Латона» ЖШС	тас қалаушы	5	Бұхарбай батыр, 41 24-03-03
		бетоншы	5	
		сылақшы-сырлаушы	5	
		электрик	2	
		жұмысшы	10	
		электр-газдәнекерлеуші	3	
7	«Браунис Казахстан» ЖШС	аспаз-салатшы	1	Бегім ана, 8/6 87018735561, 87059524326, 87029334326, 26-31-62
		Еден жуушы	5	
		Ыдыс жуушы	3	
		Пицца пісіруші	3	
		Бармен	4	
		Сатушы	8	
		Кассир	4	
		кондитер	10	
		даяшы	5	
		Ас таратушы	5	
		Бөлімше басшысы	1	
		инженер ПТО	1	
8	«МарСАМ» ЖШС	прораб	5	“Шұғыла” м/а, 3/1 24-59-57
		Тас қалаушы	25	
		Кафель қалаушы	20	
		бетоншы	10	
		левкашы	5	
		жұмысшы	15	
9	Қызылорда облысы бойынша экология департаменті	Оргтехника жөндеу маманы	1	Желтоқсан, 150, 23-00-18
		инженер-приборист	1	
10	«Best-Авто» ЖШС	автосырлаушы	2	Сырдария 2а, 21-22-01
		кузовшы	1	
		Автосырлаушы көмекшісі	1	
		автожөндеуші	2	
11	«Мұз айдыны» МКҚК	бас бапкер	6	Демесінов, 57 40-08-24
		бапкер	2	
		КИП и А инженері	1	
		массажист	1	
12	«Келешек Б» ЖШС	электроншы	1	Акмешіт м/а 9а/13 22-15-81
		тазалаушы	1	
		автожөндеуші	1	
		электрик	1	
		аспаз	1	
		жүргізуші (кат.В,С)	3	
14	«Бақ-Азат» бала бақшасы	бастауыш сынып мұғалімі	1	Акмешіт 9а/13 22-15-81
		музыкант	1	
		бала күтуші	1	
		тәрбиеші	1	
15	«Қызылорда механика-жөндеу заводы» ЖШС	аспазшы	1	Хон Бен До, 20а 25-89-30
		жөндеуші	3	
		ТНВД жөндеуші	2	
		моторист	2	
		токарь	3	
16	Қызылорда көпсалалы колледжі	Агрегатшы (КПП редуктор)	2	Шокай, 149 24-53-15
		Ағылшын тілі мұғалімі	2	
		Дәрігер-хирург	1	
		Балалар дәрігері	1	
17	«Алтын таға» ЖШС	Анатомия пәні мұғалімі	1	Әл Фараби, 158 8-707-891-81-08
		Орыс тілі мұғалімі	1	
		дәнекерлеуші	1	
18	«Асбол» ЖШС	жөндеуші	1	Қорқыт ата, 84 27-04-74

ЗАМАН МЕН ЗАҢ ТАЛАБЫНА САЙ ЖҰМЫС ЖАСАЙМЫЗ

Кәсіпорынның негізгі мақсаты – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және зертханалық зерттеулер мен өлшемдер тұрғысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бекітілген іс-шара жоспары бойынша санэпидсараптама қызметі жұмысының тиімділігін жетілдіруде біршама жұмыстар атқарылды.

Облыстық санэпидсараптама орталығы «Ұлттық аккредитация орталығынан» ИСО/МЭК 17025-2007 стандарт сәйкестігіне 2011 жылы аккредиттеуден өткен.

2012 жылдан бастап кәсіпорынның сынақ орталығы зертханааралық салыстырмалы зерттеулерді ойдағыдай жүргізіп келеді.

Зертханалық зерттеулердің сапасын жетілдіру мақсатында «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, сапаны сырттай бағалау жүйесіне қатысады, Алматы, Тараз қалаларының Референс-зертханаларымен тығыз байланыста жұмыс атқарып келеді. Материалдық-техникалық жағдайды жақсартуда жыл сайын ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2013 жылы мемлекеттік тапсырыс есебінен 95 млн. теңгеге санэпидсараптама орталығының ғимаратына екінші қабат салынып, бұл өз кезегінде жұмыс сапасын жақсартуға септігін тигізді.

Облыс бойынша зертханалардың жұмысын жетілдіру, халықаралық стандарттарға және Кедендік одақ талаптарына сәйкес жүргізу мақсатында 22 түрлі құрал-жабдық сатып алынып, іске қосылды.

Қазіргі таңда зертханаларда заманауи, қымбат тұратын құрал-жабдықтарда жедел зерттеулер жасап, нәтижелерін қысқа мерзімде беру мүмкіндігі туды.

Кадрлық саясатты оңтайландыру мақсатында, облыстық санэпидсараптама орталығының мамандары Латвия, Италия, Ресейдегі ғылыми орталықтарда тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, мамандар республикалық базаларда да білімдерін жетілдіруде.

Кәсіпорында сапа менеджменті жүйесін қалыптастыруда менеджерлер тобы құрылып, нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

Кедендік одақтың шешімімен бекітілген техникалық регламенттерімен жұмыс жасау – бүгінгі күннің негізгі талабы. Осыған орай, 2014 жылы 11 техникалық регламент бойынша 1016 көрсеткішке аккредиттеу аймағы кеңейтілді.

2012 жылдан бастап облыстық санэпидсараптама орталығы Кедендік одақ

шеңберінде санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тауарларға зерттеулер жүргізіп, мониторинг жасап келеді.

Жыл басынан бері барлығы 3 515 сынама зерттеліп, оның 177-де сәйкессіздік анықталып, үлес салмағы 5 пайызды құрап отыр.

Облыстық санэпидсараптама орталығы «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалымен, үкіметтік емес ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс атқаруда.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында да кәсіпорынмен ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, ғимаратқа өткізу тәртібі қатаң сақталып, бейнебақылау орнатылған. Жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау және құжат алмасу «бір терезе» қағидасы бойынша канцелярия арқылы өтеді. Сынамаларды қабылдау да «бір терезе» қағидасына сәйкес жүзеге асады. Ғимарат кіреберісінде кәсіпорын және оның филиалдары басшыларының сенім телефондары, азаматтарды жеке қабылдау кестелері, арыз-шағым жәшігі орнатылған.

Н.НҰРМАҒАНБЕТОВ,
«Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМҚК директоры.

САТЫЛАДЫ

Жаңақорған ауданынан 5 км қашықтықта Ызғар елді мекенінде шаруашылық мақсатында салынған, көл жағасында орналасқан екі қабатты саяжай сатылады. Аумағында 87х36 метр көлемінде ашық және жабық бетон плитамен салынған мал қорасы, 300-ден аса жеміс ағашы және де скважинасы бар. Бағасы келісім бойынша.
Байланыс тел.: 8 701 468 85 95, 8 775 721 50 20.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Еримбетова Мейрамқұлдің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет тұрғын ауданы (нөмірсіз) мекен-жайына 17.07.2008 жылы берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін №0140623 санды актісі (кадастрлық №10-156-001-4274) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сырдария ауданы әкімінің 2007 жылдың 10 желтоқсанындағы №559 қаулысымен берілген Қоғалыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі М.Әуезов көшесі, №3 «Әбдіразақ» каналы үшін тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-041-017) және техникалық паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Кожабаяев Абдраштың (Кожабаяев Дарипбек) атына: 1-2 бет Қазақстан Республикасы атынан шешім (№744326), 3-4 бет Қызылорда қалалық сотының шешімі (№, 11.01.2001 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байтуганова Казына Даировнаның атына Қызылорда қаласы, Қазбек би көшесі, 20 үй, 20 пәтерге берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№Р-1-2001-66 04.04.2001 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Нұргүл» балалар бақшасы» мекемесінің құрылтай құжаттарының жоғалуына байланысты (Ережесі/Жарғысы қазақша/орысша, мемлекеттік тіркеу куәлігі, РНН, мөрі және т.б.) жарамсыз деп есептелсін.

Сейтжанов Бахыттың атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек ауылы, Абылай хан көшесі, 8 үйге берілген пәтерді(үйді) жекешелендіру келісім-шарты(№65 01.03.2000ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Есенбаева Ботакөздің атына Қызылорда қаласындағы №176 орта мектептің 9 сыныбын 25.06.2008 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0272305 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Даткина Адина Елькеевнаның атына Қызылорда қаласындағы Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің 9 сыныбын 12.06.2009 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0448919 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАМА

«Көлжан» ЖШС ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің «Қоғамдық тыңдауды жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2007 жылдың 7-ші мамырдағы №135-б бұйрығына сәйкес, №1057 келісімшарттық аумағында мұнай ұңғыларын бұрғылау барысында қоршаған ортаға шығарылатын ластағыш заттарға уәкілетті органныан 2015-2018 жылдарға Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін, дайындалған табиғат қорғау іс-шараларын талқылауға қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2014 жылдың 10-шы қазанында Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8, сағат 11:00-де өткізіледі. Материалдардың электрондық нұсқасын **Markhabat.Dosova@petrokazakhstan.com** электронды почтасынан ала аласыздар. **Байланыс телефоны: 8 7242 29 99 23.**

АНАНЫҢ ОРНЫ АСҚАҚ ҚОЙ

Анам енді келмейді, сабыр, жаным, Жөн екен Алла ісіне бағынғаным. Издедім, ана, өзінді сағынышпен, Бірақ, сен жанымыздан табылмадың.

Иә, күзгі күй сарғайған сағынышты сездіріп тұр. Анамыз Дүйсенкүл Сейсенбаеваны жыл бойы жоқтадық, үміт үзілді. Ол мәңгіге кетті. Алланың құзырына, аруақтар мекеніне аттанды.

Дүйсенкүл Сейсенбайқызы 14 наурыз 1953 жылы Жаңақорған ауданында туылған еді, қым-қуыт тіршілік қамы Қызылордаға әкелді. Бикеш болса да бизнесте ерлерше еңбектенді, бағы жанды, балын татты. Отбасының егесі де, шегесі де өзі болды, біреуге алақан жаймады, ағайынға аялы алақанын ұсынды. Қайраттылығы қылыштың жүзіндей, батылдығы серпінді сырықтай еді. Бәлкім, бағы аспандаған биігіне семсер сөз тиді ме, өткір көз тиді ме, алпысқа аяқ салғанда аттанып кете барды. Міне, бүгін анамызды арамыздан алыстатқан уақытқа жыл толып, еске алып отырмыз.

Ол атақты күйші Әлшекейдің ұрпағы еді, бабадан қалған мұраны кітап етіп жарыққа шығарды. Мұнан басқа ел игілігі үшін жасаған жақсылығы аз емес. Ауылына мешіт салдырмақ еді, оған үлгермеді. Жатқан жерін жайлы, жолдасың иман болсын!

Сағына еске ала отырып, анамыз Дүйсенкүл Сейсенбайқызының қонақасы 20 қыркүйек күні сағат 18.00-де, ал жылдық асы 21 қыркүйекте сағат 12.00-де Қызылорда қаласы, М.Шокай көшесі, 263 үйде берілетіндігін хабарлаймыз.

Еске алушылар: ұлы, қызы, немерелері және Құрбан ата ұрпақтары.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасы мен Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің ұқымдары басқарманың бас маманы Жанар Нұржақыповаға анасы

Қалыштың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Қызылордада жас дарынды футболшыларды қолдау мақсатында «Байқоңыр» командасы құрылған болатын. Құттыбай Досманбетов баптайтын команданың алдына Бірінші лигаға жолдама алу міндеті қойылды.



«БАЙҚОҢЫР» БІРІНШІ ЛИГАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Енді міне, спортшыларымыз сенімді ақтап отыр. Футболдан Қазақстан Республикасы Екінші лигасының финалдық кезеңі аяқталып, Қызылорданың «Байқоңыр» командасы Бірінші лиганың 2015 жылғы маусымына берілетін жалғыз жолдамасын жеңіп алды. Бір апта бойы Сыр жерінде өткен дүбірлі додада «Байқоңыр» қарсылас шақ келтірмей, турнир жеңімпазы атанды.

Ақтық ойында екі топтың үздіктері «Байқоңыр» мен «Шымкент» командалары кездесті. Ойын өте тартысты өтіп, қонақтар бірден-ақ жеңіске деген жігерліктерін байқатты. Нәтижесінде негізгі уақыт тең аяқталып, жеңімпаз тек овертаймның қорытындысы бойынша ғана анықталды. Яғни, овертаймда жанкүйерлердің қолдауынан қуат алған «Байқоңыр» тайлы-тұяғымен шабуылға көшіп, қонақтар қақпасына тағы екі гол соқты. Әйтсе де, қонақтардың да жігері өте мықты болып шықты. Бірден шабуылға көшкен

«Шымкент» футболшылары арада үш минут өткен соң-ақ «Байқоңыр» қақпасына тамаша гол соқты. Бірақ бұдан артыққа шамалары жетпеді. Қорытынды есеп – 3:2.

«Байқоңыр» командасының капитаны Асхат Қарабек: «Жанкүйерлердің қолдауларынан қуат алып, үміттерін ақтауға тырыстық. Өлбетте, ойын біз үшін оңай болмады. «Шымкент» командасы өздерінің лайықты қарсылас екендіктерін дәлелдеп, соңына дейін арпалысты. Алайда, жеңіске біздің команда лайығырақ болды. Енді бізді келесі маусымда Бірінші лига додасы күтіп тұр. Бірінші лигада көш басында жүрмесек те үздік ондықтың қатарында болуға тырысамыз. Сондай-ақ, «Байқоңыр» футболшылар үшін «Қайсар» футбол клубына бастайтын трамплин болады деген үміттеміз», – деді.

Дәурен ОМАРОВ.

ОТАН ЖАЙЛЫ ЖАС АҚЫНДАР ЖЫРЛАЙДЫ



Жуырда Әйтеке би кентінде Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Сыр толқыны» атты жас ақындар мүшәйрасы болып өтті. Оған 14-24 жас аралығындағы 26 талапкер қатысты.

Мүшәйраның негізгі мақсаты – жастарды шығармашылыққа баулу, қоғамдық белсенділіктерін арттыру, қазақы құнды дүниелерді ұлықтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеттерін еселеу.

Шараға қатысушылар түрлі еркін тақырыптарға қалам тербеп, мағыналы да, мазмұнды ой өрбітті. Бірі сұлу табиғатты жырласа, енді бірі махаббат, Отанға деген сүйіспеншілікті арқау етті. Қаншама үміткерлер қатысқан байқау тартысты өтті. Талай жыр додаларында оза жауып жүрген Дина Бөкебай, Айсұлу Жеткерген, Есет Табынбаев, Бауыржан Измағамбетов және Бақытжан Қаһардың өлеңдері көпшіліктің көңілінен шығып, олар шара қорытындысы бойынша облыста өтетін сайысқа жолдама алды.

Байқау соңында филиал төрайымы Қаршыға Есімсейітова мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жетіскен Мәкеналы поэзия әлеміне қанат қаққан жас таланттарға жылы лебіздерін білдіріп, ақ жол тіледі.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Құс қанаты-Қызылорда» Қоғамдық қоры Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесе отырып, Сыр өңірі әдеби-шығармашылық жастарын қолдау мақсатында 25 қыркүйек – 25 қараша аралығында әдеби шығармашылық жастарының байқауын өткізеді. Байқау мақсаты – поэзиялық, прозалық шығармалар жазумен айналысатын жастарды іздеу, оларды қолдау, жастардың облыстық, аудандық (ауылдық) әдеби-шығармашылық орталықтарын ұйымдастыру. Байқауға 14-29 жас аралығындағы әдеби шығармашылықпен айналысатын жастар қатыса алады.

Байқау екі кезеңде өтеді: I-кезең. Аудан (ауыл) орта және орта кәсіптік оқу орындары деңгейінде (қыркүйек, қазан айлары). II кезең – облыстық деңгейде 22 қарашада жас ақындар мүшәйрасы және шеберлік сыныптары түрінде өткізіледі. Байқауға қатысу шарттары:

- Өзінің кемінде 3 өлеңін не 1-2 әңгімесін өзі туралы қысқаша мәліметтермен қоса аудандық (ауылдық) ұйымдастыру орталықтарына жолдайды. (Мерзімі 15-қазанға дейін).

- Аудандық іріктеу жиындарынан өткен материалдар 10-қарашаға дейін облыстық жас әдебиетшілер байқауына ұсынылады.

Байқау жеңімпаздары марапатталады.

Байқау шарттарымен толығырақ әлеуметтік желілер арқылы танысуға болады.

«Құс қанаты-Қызылорда» Қоғамдық қоры. Shanzharhanbekm@mail.ru

Байланыс тел.: 8 777 343 48 93.

Қызылордада ем жүргізуді қайта жалғастырады!

Аждар (Исмаил)

(Сертификат №057-К10.07.2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақстан халықтары емшлері қауымдастығы» берген)

ТМД-дағы балгерлер мен емшілер арасындағы аты шыққан үш емшінің бірі.

Аждар – бұрынғы Кеңестер Одағына танымал биоэнерготерапевт. ТМД елдері халық емшілері конгресінің лауреаты. Оның емдеу нәтижелері тыным күш иелері мен атақты ғалымдарды таңқалдырып жүр. Ол дыбысты толқын деңгейінде, электромагниттік тербелісте жұмыс істейді.

Аждар сіздің созылмалы аурудан арылуыңызға көмектеседі.

Аждардың кереметтігі сол, ол дуалап, алдап-арбап қаратуды, көз тиюді, қарғысты және көптеген аурулардың бетін қайтарады. Сонымен қатар ол өзінің қасиетін қолымен әрі биоэнергиясымен төмендегідей ауруларды емдейді:

- бас ауруы;
- қан қысымының көтерілуі;
- тыныс алу жүйелерінің проблемалары;
- асқазан-ішек жүйелерінің проблемалары;
- бүйрек ауруын, кіші дәрет шығатын жолды;
- бауыр, өт жолы;
- қалқанша без;
- әйелдер ауруларын;
- қол мен аяқ буындарын;
- бел ауруын;
- бала көтермеуді;
- көру және көптеген ауруларды;
- жүрек-қан тамырлары ауруларын

Ұлбосын, Қызылорда қаласы.

карта ашады – 2000 тг.



Құрметті Исмаил! Денсаулығымның жақсарғаны үшін сізге көптен көп алғысымды білдіремін. Біраз жыл болды менің сол жақ бетімнен бастап сол жақ қолым, сол жақ аяғым мұздайтын. Дәрі-дәрмектер ешқандай көмектеспеді. Сізден 8 рет ем алдым. Ем алғаннан соң жағдайым жақсара бастады. Алла сізге мұнан әрі де адамдарға көмек беруге денсаулық берсін, күш-қуатыңыз таусылмасын!

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңқтылы, 54, кіреберіс көше беттен (Автоуправление аялдамасы) Қабылдау күндері: 2014 жылдың 14 қыркүйек- 5 қазан аралығында сағ. 10.00 – ден 13.00 – ге дейін, 17.00-ден 19.00-ге дейін (жұмыста демалыс күні болуы мүмкін)

АЛҒАШҚЫ КЕҢЕС БЕРУ ТЕГІН

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр Медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *АҚ-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24384

Тапсырыс № 874

Электрондық оқылым – 21 000